



АЗАМАТТЫҚ ҚОРҒАУ САЛАСЫНДАҒЫ АҚПАРАТТЫҚ-ӘДІСТЕМЕЛІК МАТЕРИАЛДАР

№1(89) ШЫҒАРЫЛЫМ, 2022ж.



Ұйым басшыларының назарына!

АҚ РОӘО электронды онлайн кітапханасын
бір жыл қолданыңыздар:



**Толық ақпаратты көрсетілген
телефондар арқылы алуға болады:**

8 (775) 251-25-95, 8 (705) 301-73-01

Мамандандырылған тоқсандық басылым

**2000 жылдан бастап
шығады**

Басшы кітапханасы

**ЖАЗЫЛУ
ИНДЕКСТЕРІ:**
75668 – қазақ тілінде;
75669 – орыс тілінде

Құрылтайшы:

ҚР Төтенше жағдайлар министрлігі
Азаматтық қорғау республикалық
оқу- әдістемелік орталығы

Редакциялық кеңес:

Е. Н. Мельников
Б. К. Енсебаев
Б. О. Булыбаева
А.У. Нусипжанова
М. Б. Айнабекова

Қазақстан Республикасының Ақпарат
және Қоғамдық даму
министрлігінде 20.01.2022 жылы
№ KZ72VPY00045002 тіркелінген



НӨМІРДЕ:

- Редакциядан алғы сөз2
- Республика аумағында 2021 жылы он екі айда болған табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар туралы шолу ақпарат.....3
- ҚР ТЖ министрінің 2021 ж. 29 қыркүйектегі №485 бұйрығы. 8
- ҚР Инвестициялар және даму министрінің 2014 ж. 30 желтоқсандағы № 347 бұйрығы.....21
- Азаматтық қорғау терминологиялық сөздігі29
- Шетел тәжірибесі. НАТО елдеріндегі азаматтық қорғаныс66
- Айдар: «Сұрақтар мен жауаптар»..72
- Біздің оқырмандарымыздың пікірлері.....82
- Оқу құралы «Болуы мүмкін ТЖ болжамдау, мәліметтерді жинау, талдау және беру тәртібі».....84

Құрметті Журналға Жазылушылар!

Жалпыға танымал «АҚ РОӨО» бренді өзінің интернет-ресурсын толығымен жаңартты және жетілдірді. Енді ол, азаматтық қорғаудың барлық аспектілері бойынша бірыңғай ақпараттық база нысанын ұсынатын, заманауи форматқа ие болды. Ұйымдар, АҚ бойынша барлық ақпарат жүйеленген және мәтіндік, графикалық, аудиовизуалды немесе өзге түрде көрсетілген мамандандырылған электрондық онлайн кітапхананы пайдалану мүмкіндігіне ие. АҚ РОӨО электрондық кітапхана жаңартылған сайт құрылымында жұмыс істейді www.tg-oku.kz

Ұйымдар, жазылу арқылы АҚ РОӨО электрондық онлайн кітапханасын пайдалана алады. Жылдық жазылу - 57 667 теңге. Электрондық онлайн кітапханаға жазыруды келесі порталдар арқылы ресімдеуге болады: «Мемлекеттік сатып алу», «Самұрық-қазына», «Теңіз-сервис» және «ЕТБ», онда АҚ РОӨО 990540004163 БСН-мен тіркелген. Шартты жасап, Сіздің ұйымыңыздың қызметтеріне ақы төлегеннен кейін автоматты түрде интернет-ресурстың ақылы контентіне қолжетімділік коды мен құпиясөз берілетін болады. Сондай-ақ, **Kaspi.kz** мобильді қосымшасының "төлемдер" бөлімінде төлем жасауға болады.

Электрондық онлайн кітапханаға жазылушыға келесі қызметтер ұсынылады:

- АҚ саласындағы тұрақты жаңартылатын нормативтік база.
- Орталықтың әдістемелік материалдары қызметкерлерді оқыту мен даярлауға көмектеседі. Біздің слайд материалдары-сабақтарға арналған дайын рефераттар, ал ұсыныстар-оқу жаттығулары мен жаттығуларға арналған шаблондар.

Орталықтың заманауи контенті-бұл қауіпсіздік жүйесін дамыту және жетілдіру бойынша ұйымдар мен кәсіпорындардың мүдделерін қорғауға бағытталған интернет платформа.

АҚ РОӨО интернет-ресурсы бойынша толық техникалық ақпаратты Орталықтың телефондары арқылы алуға болады: 274-91-94, 8776-222-20-18, 8775-251-25-95, электрондық пошта: kursy@bk.ru., gz_center@mail.ru.

Құрметпен, журнал редакциясы

РЕСПУБЛИКА АУМАҒЫНДА 2021 ЖЫЛҒЫ ОН ЕКІ АЙЫНДА БОЛҒАН ТАБИҒИ ЖӘНЕ ТЕХ- НОГЕНДІК СИПАТ- ТАҒЫ ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙЛАР ТУРА- ЛЫ ШОЛУ АҚПАРАТ



«112» бірыңғай кезекшілік-диспетчерлік қызметі пультына халықтан **6 504 346** қоңырау келіп түсті.

Мынадай уақытылы ден қою шаралары қабылданды:

- өрт сөндіру және авариялық-құтқару жұмыстары қызметінің бөлімшелері және Республикалық жедел-құтқару жасағы **8 828** адамды құтқарды, **11 123** адамды эвакуациялады, **292** зардап шеккенге алғашқы медициналық көмек көрсетті, ТЖ орындарынан **1 235** адам денесін шығарды, **75 976** дабыл бойынша шығу жасады, соның ішінде **11 640** - өрт, **12 947** - авариялық-құтқару жұмыстары, **42 397** - өрт ретінде есепке алынбайтын жану, **146** - жалған шақырту, **2 450** - расталмаған жану фактілері, **6 396** - басқалары;

- «Апаттар медицинасы орталығы» ММ **4 112** зардап шеккенге медициналық көмек көрсетті, **3307** адамды құтқарды, **1707** адамды эвакуациялады, **5603** шығу жасады, оның ішінде трассалық медициналық-құтқару пункттері **1371** шығу жасады, **1355** адамды эвакуациялады, **2241** зардап шеккенге медициналық көмек көрсетті.




ТЖМ қарамағындағы ұйымдар мынадай іс-шаралар өткізді:

«Қазавиақұтқару» АҚ әуе кемелері іздеу-құтқару жұмыстарына, өрттерді сөндіруге қатысу, жеке құрамды жеткізуге және басқа тапсырыстар бойынша 2 901 ұшу жасады, оның ішінде санитариялық авиация желісі бойынша - 676 ұшу, 649 пациент тасымалдады. Өрт қауіпсіздігі бағыты бойынша 563 шығу жасады, соның ішінде 191 өрт сөндіру, 26 авариялық-құтқару жұмыстарын өткізді, 346 жануды жойды, 298 адамды құтқарды және эвакуациялады.

Мемлекет басшысының бизнеске қысымды төмендету бойынша тапсырмасын іске асыру мақсатында өрт қауіпсіздігі саласында бақылау тек жоғары тәуекел дәрежесіндегі объектілерге қатысты енгізілген және ерекше тәртіпте өткізіледі. Бақылау-профилактикалық қызмет шеңберінде өртке қарсы жай-күйіне 32 363 тексеріс жүргізілді, 128 269 бұзушылық анықталды, 20 878 адам әкімшілік жауапкершілікке тартылды, соның ішінде 3 842 лауазымды тұлғаға 217,3 млн.теңге сомасында айыппұл салынды.


Өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы мемлекеттік қадағалауды жүзеге асыру шеңберінде 2021 жылғы он екі айында ерекше тәртіп бойынша 1 146 және 952 жоспардан тыс тексеру жүр-



гізілді. Тексеру қорытындысы бойынша 35 173 бұзушылық анықталды, 486 объекті және 5 субъект тоқтатылды, 180 млн. теңгеден астам сомасында 1 458 әкімшілік айыппұл салынды.

Халықты оқыту және хабар беру мақсатында бұқаралық ақпарат құралдарында 78 953: 10 567 - телевизия арналарында, 21 264 - баспа басылымдарында, 30 164 - радиода, 18 550 - ақпараттық агенттіктер таспаларында материалдар жарияланды.

Қазақстан Республикасы аумағындағы 2020 жылғы ұқсас кезеңмен салыстырғанда 2021 жылғы он екі айында болған өндірістік және тұрмыстық өрттердің саны



13 038 (-11,1%, 2020ж. - 14 669) табиғи және техногендік сипаттағы ТЖ және оқиғалар тіркелген, 1 835 (-0,9%, 2020ж. - 1 851) адам зардап шеккен, соның ішінде 896 (+9,1%, 2020ж. - 821) адам қаза болды, материалдық нұқсан 10 191,15 млн.теңгені (+46,3%, 2020ж. - 6 965,71 млн.тг.) құрады.

ТЕХНОГЕНДІК СИПАТТАҒЫ ТЖ жалпы ТЖ санының 88,7% құрайды, 11 562 оқиға (-12,9%, 2020ж. - 13 280) тіркелген,

бұл ретте 1 052 (+29,1%, 2020ж. - 815) адам зардап шеккен, соның ішінде 460 (+10%, 2020ж. - 418) адам қаза болды.

Техногендік сипаттағы жағдайлардың негізгі үлесі өндірістік және тұрмыстық өрттерді 98,5% құрайды, 2021 жылдың он екі айында 11 392 (-13,1%, 2020ж. - 13 103) өрт болды, онда 834 адам зардап шекті (+11,6%, 2020ж. - 747), соның ішінде



409 адам қаза болды (+5,4%, 2020ж. - 388), материалдық нұқсан 3 198,06 млн. теңгені (+11%, 2020ж. - 2 880,1 млн.тг.) құрады.

Өрттердің саны мына облыстарда: Павлодар 36,1%-ға (2021ж. - 564, 2020ж. - 883), Шығыс Қазақстан 29,5%-ға (2021ж. - 1 278, 2020ж. - 1 813), Қарағанды 28,2%-ға (2021ж. - 1 004, 2020ж. - 1 398), Ақтөбе 19,5%-ға (2021ж. - 617, 2020ж. - 766), Қызылорда 18%-ға (2021ж. - 455, 2020ж. - 555), Қостанай 16,7%-ға (2021ж. - 892, 2020ж. - 1 071), Түркістан 14,2%-ға (2021ж. - 494, 2020ж. - 576) азайды.

Өрттер саны облыстарда: Атырау 27,8%-ға (2021ж. - 336, 2020ж. - 263), Алматы қаласында 13%-ға (2021ж. - 758, 2020ж. - 671), Нұр-Сұлтан қаласында 14,5%-ға (2021ж. - 718, 2020ж. - 627) өсуі байқалды.

Өрт туындайтын негізгі объектілер: 60,1%-ы тұрғын үй секторы, 18,3%-ы көлік құралдары, 6,1%-ы ормандар, 5%-ы басқа ашық аумақтар, 3,2%-ы сауда кәсіпорындары, 1,5%-ы өндірістік мақсаттағы ғимараттар мен құрылыстар, 1,2%-ы әкімшілік-қоғамдық ғима-



раттар, 0,9%-ы ауыл шаруашылық объектілері, 0,8%-ы салынып жатқан объектілер және құрылыс алаңдары, 0,6%-ы монша-кір жуу кешендері.

Өрттің пайда болуының таралған себептері: 34,6%-ы электр жабдықтарын техникалық пайдалану және монтаждау қағидаларын бұзу, 27,9%-ы отты абайсыз қолдану, 13,9%-ы пештерді орнату және пайдалану кезінде өрт қауіпсіздігі қағидаларын бұзу, 6,5%-ы анықталған әдейі өртеу, 5,9%-ы тұрмыстық электр аспаптарын пайдалану кезінде өрт қауіпсіздігі қағидаларын бұзу, 3,4%-ы найзағайдың тікелей соғуы және олардан туындаған ықпал, 2,3%-ы балалардың отпен ойнауы.

ТАБИҒИ СИПАТТАҒЫ ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙЛАР

ТЖ-ның жалпы санынан 11,3% құрады, 2021 жылдың он екі айында 1 476 оқиға тіркелді (+6,3%, 2020ж. - 1 389), бұл ретте 783 адам (-24,4%, 2020ж. - 1 036) зардап шекті, соның ішінде 436 адам (+8,2%, 2020ж. - 403) қаза болды.



ЖАҢА НОРМАТИВТІК ҚҰҚЫҚТЫҚ АКТІЛЕР

ҚР ТЖ министрінің 2021 ж. 29 қыркүйектегі № 485 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2021 жылғы 30 қыркүйекте № 24574 болып тіркелді

**ҚАУІПТІ ӨНДІРІСТІК ОБЪЕКТІЛЕР МЕН ҚАУІПТІ
ТЕХНИКАЛЫҚ ҚҰРЫЛҒЫЛАРДЫ ЕСЕПКЕ ҚОЮ
ЖӘНЕ ЕСЕПТЕН ШЫҒАРУ ҚАҒИДАЛАРЫ**

1-тарау. Жалпы ережелері

1. Осы Қауіпті өндірістік объектілер мен қауіпті техникалық құрылғыларды есепке қою және есептен шығару қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Азаматтық қорғау туралы" Қазақстан Республикасының Заңы (бұдан әрі – Заң) 12-2-бабының 14-3) тармақшасына және "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңы (бұдан әрі – Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы Заң) 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес әзірленді және қауіпті өндірістік объектілер мен қауіпті техникалық құрылғыларды есепке қою және есептен шығару тәртібін анықтайды.

2. Осы Қағидаларда пайдаланатын негізгі ұғымдар Қазақстан Республикасының өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы заңнамасына сәйкес қолданылады.

2-тарау. Қауіпті өндірістік объектілерді есепке қою және есептен шығару тәртібі

3. Қауіпті өндірістік объектілерді есепке қоюды және есептен шығаруды өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті органның аумақтық бөлімшелері жүзеге асырады.

4. Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму ми-

нистрінің 2014 жылғы 30 желтоқсандағы № 353 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10310 болып тіркелген) қауіпті өндірістік объектілерді сәйкестендіру қағидаларында (бұдан әрі – Сәйкестендіру қағидалары) айқындалған тәртіппен пайдалануға берілген және сәйкестендіруден өткен қауіпті өндірістік объектілер есепке қоюға жатады.

5. Қауіпті өндірістік объектілерді есепке қою үшін қауіпті өндірістік объектілерді пайдаланатын ұйымның басшысы сәйкестендіру нәтижелері бойынша 15 (он бес) жұмыс күні ішінде қауіпті өндірістік объектілерді сәйкестендіру жөніндегі ақпаратты қоса бере отырып, өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті органның аумақтық бөлімшесіне Сәйкестендіру қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш береді.

6. Өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті органның аумақтық бөлімшесі өтініш келіп түскен күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күнінен аспайтын мерзімде ұсынылған ақпаратты қарайды және оны сәйкестендірудің толықтығын, анықтығын және дұрыстығын, Заңның 70-бабында белгіленген қауіпті өндірістік объект белгілерінің болуын тексереді және қауіпті өндірістік объект және оны пайдаланатын ұйым туралы мәліметтерді осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қауіпті өндірістік объектілерді есепке алу журналына енгізеді.

Заңның 70-бабында белгіленген қауіпті өндірістік объект белгілерінің толықтығын, анықтығын және дұрыстығын және болуын өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті органның аумақтық бөлімшесі қауіпті өндірістік объектілерді есепке қоюды жүзеге асыру кезінде пайдаланушы ұйым ұсынған деректер негізінде тексереді.

7. Өтінішті қарау нәтижелері бойынша өтініш берушіге Заңның 70-бабында белгіленген қауіпті өндірістік объект белгілері болмаған, толық емес, дұрыс емес және дұрыс сәйкестендірілмеген жағдайда қауіпті өндірістік объектілерді есепке қою тура-

лы жазбаша хабарлама немесе бар ескертулер мен кемшіліктерді жою қажеттігі туралы хабарлама жолданады.

8. Қауіпті өндірістік объектіні пайдаланатын ұйым қайта ұйымдастырылған немесе оның атауы өзгерген жағдайда, оның басшысының өтініші негізінде қауіпті өндірістік объектіні қайта есепке алу жүзеге асырылады.

Қауіпті өндірістік объектіні қайта есепке алу осы Қағидаларға сәйкес қауіпті өндірістік объектілерді есепке қою үшін көзделген тәртіппен жүзеге асырылады.

9. Қауіпті өндірістік объектілерді есептен шығаруды қауіпті өндірістік объектілерді пайдаланатын ұйым басшысының өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті органның аумақтық бөлімшесі мынадай жағдайларда:

► қауіпті өндірістік объектіні жою немесе оны пайдаланудан шығару;

► Заңның 70-бабында белгіленген қауіпті өндірістік объект белгілерінің жоғалуы және Сәйкестендіру қағидаларында айқындалған қауіпті өндірістік объектілерді сәйкестендіру тәртібінің өзгеруі.

10. Қауіпті өндірістік объектілерді есептен шығару кезінде өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті органның аумақтық бөлімшесі өтініш берушіге тиісті хабарлама жолдайды.

3-тарау. Қауіпті техникалық құрылғыларды есепке қою және есептен шығару тәртібі

11. Заңның 1-бабының 32-1) тармақшасында айқындалған қауіпті техникалық құрылғылар есепке қоюға және есептен шығаруға жатады.

12. Қауіпті техникалық құрылғыны есепке қою, есептен шығару үшін қауіпті техникалық құрылғының иесі немесе қауіпті техникалық құрылғыны пайдаланатын ұйымның басшысы:

► өнеркәсіптік объектілерде, өнеркәсіптік қауіпсіздік сала-

сындағы уәкілетті органның аумақтық бөлімшесіне өтініш береді;

► әлеуметтік инфрақұрылым объектілерінде өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы мемлекеттік қадағалауды жүзеге асыратын жергілікті атқарушы органға өтініш береді.

13. "Қауіпті техникалық құрылғыларды есепке қою және есептен шығару" мемлекеттік көрсетілетін қызмет (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет) болып табылады және осы Қағидаларға сәйкес Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі Өнеркәсіптік қауіпсіздік комитетінің аумақтық департаменттері және аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың, Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларының жергілікті атқарушы органдары (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.

14. Мемлекеттік қызметті алу үшін жеке және (немесе) заңды тұлға (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) көрсетілетін қызметті берушіге www.egov.kz "электрондық үкімет" веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының (бұдан әрі – стандарт) 8-тармағында көрсетілген құжаттарды қоса бере отырып электрондық цифрлық қолтаңба (бұдан әрі – ЭЦҚ) қойылған электрондық құжат түрінде осы Қағидаларға 3 және 4-қосымшаларға сәйкес өтінішті жолдайды.

15. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінің сипаттамасын, нысанын, мазмұны мен нәтижесін, сондай-ақ мемлекеттік қызмет көрсету ерекшеліктерін ескере отырып, өзге де мәліметтерді қамтитын мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі стандартта жазылған.

16. Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі 3 (үш) жұмыс күні.

17. Көрсетілетін қызметті алушы барлық қажетті құжаттарды портал арқылы берген кезде көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетінде" мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесін алу күнін көрсете отырып, мемлекеттік қызметті көрсету үшін сұрау салудың қабылданғаны туралы мәртебе көрсетіледі.

18. Мемлекеттік қызметті көрсетуге өтініш бергеннен кейін көрсетілетін қызметті берушінің кеңсе қызметкері өтінішті порталда тіркеуді жүзеге асырады, көрсетілетін қызметті алушы құжаттарды қабылдау туралы хабарлама алады, көрсетілетін қызметті берушінің басшысы өтініштің орындаушысын анықтайды.

Көрсетілетін қызметті алушы Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері жүгінген кезде өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады.

19. Көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті алушының құжаттарын алған сәттен бастап олардың толықтығын тексереді.

Жеке басын куәландыратын құжат туралы, заңды тұлғаны, жеке кәсіпкерді мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы мәліметтерді көрсетілетін қызметті беруші тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден "электрондық үкімет" шлюзі арқылы алады.

Көрсетілетін қызметті алушы стандарттың 8-тармағында көрсетілген құжаттар топтамасын толық ұсынбаған немесе осы Қағидаларға сәйкес мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті мәліметтер болмаған жағдайда, көрсетілетін қызметті беруші осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген мерзімдерде осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес көрсетілетін қызметті беруші басшысының не оны алмастыратын тұлғаның ЭЦҚ қойылған электрондық құжат нысанында өтінішті одан әрі қараудан дәлелді бас тартуды (бұдан әрі – дәлелді бас тарту) көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" портал арқылы жібереді.

Көрсетілетін қызметті алушы құжаттар топтамасын толық ұсынған жағдайда, көрсетілетін қызметті беруші 2 (екі) жұмыс күні ішінде мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесін – осы Қағидаларға 6 немесе 7-қосымшаларға сәйкес нысандар бойынша қауіпті техникалық құрылғыны есепке қою туралы хабар-

ламаны немесе қауіпті техникалық құрылғыны есептен шығару туралы хабарламаны не дәлелді бас тартуды дайындайды және көрсетілетін қызметті беруші басшысының не оны алмастыратын тұлғаның ЭЦҚ қойылған электрондық құжат нысанында көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" портал арқылы жібереді.

Стандарттың 9-тармағында көзделген мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту үшін негіздер болған кезде көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті алушыға алдын ала шешім бойынша көрсетілетін қызметті алушыға позициясын білдіру мүмкіндігі үшін мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы алдын ала шешім, сондай-ақ тыңдауды өткізу уақыты мен орны (тәсілі) туралы хабарлайды.

Тыңдау туралы хабарлама мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі аяқталғанға дейін кемінде 3 (үш) жұмыс күні бұрын жіберіледі.

Алдын ала шешім бойынша көрсетілетін қызметті алушының қарсылығын көрсетілетін қызметті беруші оны алған күннен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде қабылдайды.

Тыңдау нәтижелері бойынша көрсетілетін қызметті беруші оң нәтиже береді немесе мемлекеттік қызметті көрсетуден дәлелді бас тартады.

20. Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" көрсетілетін қызметті беруші басшысының не оны алмастыратын тұлғаның ЭЦҚ-сы қойылған электрондық құжат нысанында жолданады және сақталады.

21. Көрсетілетін қызметті беруші мемлекеттік қызмет көрсету сатысы туралы деректерді Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы Заң 5-бабы 2-тармағының 11) тармақшасына сәйкес мемлекеттік қызметтер көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне енгізуді қамтамасыз етеді.

4-тарау. Көрсетілетін қызметті берушілердің мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша шешімдеріне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі

22. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша шағымды қарауды жоғары тұрған әкімшілік орган, лауазымды тұлға, мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті орган (бұдан әрі – шағымды қарайтын орган) жүргізеді.

Шағым әкімшілік актісіне, әкімшілік әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалатын көрсетілетін қызметті берушіге, лауазымды тұлғаға беріледі.

Әкімшілік актісіне, әкімшілік әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалатын көрсетілетін қызметті беруші, лауазымды тұлға шағым келіп түскен күннен бастап 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей оны және әкімшілік істі шағымды қарайтын органға жібереді.

Бұл ретте әкімшілік актісіне, әкімшілік әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалатын көрсетілетін қызметті беруші, лауазымды адам, егер ол 3 (үш) жұмыс күні ішінде шағымда көрсетілген талаптарды толық қанағаттандыратын қолайлы әкімшілік акт қабылдаса, әкімшілік әрекет жасаса, шағымды қарайтын органға шағымды жібермеуге құқылы.

23. Көрсетілетін қызметті берушінің атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы Заң 25-бабының 2-тармағына сәйкес тіркелген күнінен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

24. Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

25. Егер Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы Заңында өзгеше көзделмесе, сотқа жүгінуге сотқа дейінгі тәртіппен шағым жасалғаннан кейін жол беріледі.

*Қауіпті өндірістік объектілер мен қауіпті техникалық құрылғыларды есепке қою және есептен шығару қағидаларына
2-қосымша*

"Қауіпті техникалық құрылғыларды есепке қою және есептен шығару" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты

1.	Көрсетілетін қызметті берушінің атауы	Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі Өнеркәсіптік қауіпсіздік комитетінің аумақтық департаменттері – өнеркәсіптік объектілерде пайдаланылатын қауіпті техникалық құрылғыларды есепке қою, есептен шығару кезінде;
		Аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың, Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларының жергілікті атқарушы органдары – әлеуметтік инфрақұрылым объектілерінде пайдаланылатын қауіпті техникалық құрылғыларды есепке қою, есептен шығару кезінде
2.	Мемлекеттік қызметті ұсыну тәсілдері	www.egov.kz "электрондық үкімет" веб-порталы
3.	Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі	3 (үш) жұмыс күні
4.	Мемлекеттік қызмет көрсету нысаны	Электрондық (толық автоматтандырылған)

5.	Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі	Қауіпті техникалық құрылғыны есепке қою туралы хабарлама немесе қауіпті техникалық құрылғыны есептен шығару туралы хабарлама не мемлекеттік қызмет көрсетуден дәлелді бас тарту
6.	Мемлекеттік қызметті көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын төлем мөлшері және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдері	Тегін
7.	Жұмыс графигі	1) көрсетілетін қызметті беруші–Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне (бұдан әрі–Кодекс) сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, белгіленген жұмыс графигіне сәйкес дүйсенбіден бастап сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін демалыс және мереке күндерін қоспағанда, сағат 13.00-ден 14.30-ға дейін тамақтанады.

		2) порталда-жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы (көрсетілетін қызметті алушының жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, Кодекске сәйкес демалыс және мереке күндері өтініш қабылдауы және Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады). Мемлекеттік қызмет көрсету орындарының мекенжайлары: 1) көрсетілетін қызметті берушінің интернет-ресурсы; 2) аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың, Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларының жергілікті атқарушы органдарының интернет-ресурсында орналастырылады; 3) порталда –www. egov. kz
8.	Мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті құжаттар тізбесі	Қауіпті техникалық құрылғыларды есепке қою үшін: 1) қауіпті техникалық құрылғыны есепке қою туралы өтініш; 2) қауіпті техникалық құрылғы паспортының электрондық көшірмесі. Қауіпті техникалық құрылғыларды есептен шығару үшін: 1) қауіпті техникалық құрылғыны есептен шығару туралы өтініш; 2) қауіпті техникалық құрылғы паспортының электрондық көшірмесі.

9.	Қ а з а қ с т а н Республика- сының заңна- м а с ы н д а белгіленген мемлекеттік қызмет көрсету- ден бас тар- ту үшін негіз- дер	1) көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін ұсынған құжаттардың және (немесе) олардағы деректердің (мәліметтердің) анық еместігін анықтау; 2) көрсетілетін қызметті алушының және (немесе) мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті ұсынылған материалдардың, деректер мен мәліметтердің Қазақстан Республикасының өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі; 3) көрсетілетін қызметті алушыға қатысты соттың заңды күшіне енген шешімі бар, оның негізінде өтініш беруші Мемлекеттік көрсетілетін қызметті алуға байланысты арнайы құқығынан айырылған.
10.	Өзге де талаптар мемлекеттік қызметті көрсету ерекшеліктері ескерілген	Көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ болған жағдайда Мемлекеттік көрсетілетін қызметті портал арқылы электрондық нысанда алуға мүмкіндігі бар. Бірыңғай байланыс орталығы мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша: "1414", 8800 080 7777.

*Қауіпті өндірістік объектілер
мен қауіпті техникалық
құрылғыларды есепке қою және
есептен шығару қағидаларына
3-қосымша*

[Жеке немесе заңды тұлғаның деректемелері _____]

_____(мекенжайы, жеке сәйкестендіру нөмірі / бизнес сәйкестендіру нөмірі, телефоны)

Басшыға
[Мемлекеттік органның атауы]
Өтініш нөмірі: [Нөмір]

Өтініш күні: [Күні]

Қауіпті техникалық құрылғыны есепке қою туралы ӨТІНІШ

(жеке немесе заңды тұлғаның атауы)

"Азаматтық қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 77-бабын басшылыққа ала отырып, Сізден қоса берілген құжаттар тізбесін қарауды және есепке қоюды сұрайды:

(қауіпті техникалық құрылғының атауы, типі, түрі)

Зауыттық (сериялық) № _____
Дайындалған _____
(дайындалған күні мен жылы, дайындаушы зауыттың атауы, елі)

Қосымша: (Мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті құжаттар тізбесі)

Ақпараттық жүйелердегі заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға келісемін.

Ұсынылған ақпараттың дұрыстығын растаймын және дұрыс емес мәліметтер ұсынғаным үшін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапкершілік туралы хабардармын.

(Тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), электрондық цифрлық қолтаңба)

Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2014 жылғы 30 желтоқсандағы № 347 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 13 ақпанда № 10252 тіркелді

ҚАУІПТІ ӨНДІРІСТІК ОБЪЕКТІЛЕРДІ ИЕЛЕНЕТІН ЖӘНЕ (НЕМЕСЕ) ПАЙДАЛАНАТЫН ҰЙЫМДАРҒА ӨНЕРКӘСІПТІК ҚАУІПСІЗДІК САЛАСЫНДАҒЫ КӘСІБИ АВАРИЯЛЫҚ-ҚҰТҚАРУ ҚЫЗМЕТТЕРІНІҢ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ҚАҒИДАЛАРЫ

Қазақстан Республикасы
Инвестициялар және даму Министрінің
2014 жылғы 30 желтоқсандағы
№ 347 бұйрығымен бекітілген

Ескерту. Қағида жаңа редакцияда - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 08.09.2021 № 433 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Қауіпті өндірістік объектілерді иеленетін және (немесе) пайдаланатын ұйымдарға өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы кәсіби авариялық-құтқару қызметтерінің қызмет көрсету қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Азаматтық қорғау туралы" 2014 жылғы 11 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 12-2-бабының 13) тармақшасына сәйкес әзірленді және қауіпті өндірістік объектілерді иеленетін және (немесе)

пайдаланатын ұйымдарға өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы кәсіби авариялық-құтқару қызметтерінің қызмет көрсету тәртібін айқындайды.

2. Осы Қағидалар өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы кәсіби авариялық-құтқару қызметтеріне, оның ішінде өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы кәсіби объектілік авариялық-құтқару қызметтеріне қолданылады.

3. Ұйымдарға қызмет көрсетуге қызмет көрсететін ұйым жүзеге асыратын өндірістік қызмет түріне аттестатталған өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы кәсіби авариялық-құтқару қызметтері жіберіледі.

4. Өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы кәсіби авариялық-құтқару қызметтері қауіпті өндірістік объектілерді иеленетін және (немесе) пайдаланатын ұйымдарға қызмет көрсету бойынша өз қызметінде Заңды, Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерін және осы Қағидаларды басшылыққа алады.

5. Осы Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) аварияларды жою жоспары – адамдарды құтқару жөніндегі іс-шараларды, басшылар мен қызметкерлердің, өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы кәсіби авариялық-құтқару қызметтерінің іс-қыймылдарын көздейтін, қауіпті өндірістік объектілерді иеленетін және (немесе) пайдаланатын ұйымның басшысы бекітетін және өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы кәсіби авариялық-құтқару қызметтерімен келісілетін құжат;

2) "Дабыл" белгісі – өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы кәсіби авариялық-құтқару қызметтері жедел бөлімшелерін қауіпті өндірістік объектілерді иеленетін және (немесе) пайдаланатын ұйымдардағы аварияларды жоюға және авариялық-құтқару жұмыстарын жүргізуге дайындыққа тарту үшін дабылда немесе басқа да сигнал беру құралдары арқылы берілетін құлақтандырудың бірыңғай сигналы;

3) өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы кәсіби авариялық-құтқару қызметі – қауіпті өндірістік объектілерде тау-кен құтқару, газдан құтқару жұмыстарын, бұрқаққа қарсы жұмыстарды жүргізуге арналған авариялық-құтқару қызметі;

4) өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы кәсіби объектілік авариялық-құтқару қызметі – қауіпті өндірістік объектілері бар ұйымның құрылымдық бөлімшесі болып табылатын авариялық-құтқару қызметі;

2-тарау. Өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы кәсіби авариялық-құтқару қызметтерінің қауіпті өндірістік объектілерді иеленетін және (немесе) пайдаланатын ұйымдарға қызмет көрсету тәртібі

6. Өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы кәсіби авариялық-құтқару қызметтері мен құралымдарының қауіпті өндірістік объектілерді иеленетін және (немесе) пайдаланатын ұйымдарға қызмет көрсетуі жасалған шарт негізінде жүргізіледі. Ерекше жағдайларда, авария туындаған кезде авариялық-құтқару жұмыстарын жүргізгеннен кейін шарт жасасуға жол беріледі.

7. Қауіпті өндірістік объектілерді иеленетін және (немесе) пайдаланатын ұйымдар өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы кәсіби авариялық-құтқару қызметі, жыл сайын, 1 желтоқсаннан кешіктірмей аварияларды жою жоспарын (бұдан әрі – АЖЖ) өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы кәсіби авариялық-құтқару қызметіне келісуге ұсынады. АЖЖ-ға өзгерістер мен қосымшалар енгізгенде, ол қайта келісуге жатады. Егер АЖЖ әрекет ету ағымындағы жағдай кезінде, қауіпті өндірістік объектіні иеленетін және (немесе) пайдаланатын ұйым басқа өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы кәсіби авариялық-құтқару қызметімен келісім-шарт жасайды, ол кәсіпорын он жұмыс күн ағымында өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы аталған кәсіби авариялық-құтқару қызметімен келісім жасауға жолданады.

8. Өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы кәсіби авариялық-құтқару қызметі ұсынылған АЖЖ-ны алған күнінен бастап он жұмыс күні ішінде қарайды.

9. АЖЖ Заңның 80-бабының талаптарына сәйкес келмеген жағдайда, өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы кәсіби авариялық-құтқару қызметі осы Қағидалардың 8-тармағында белгіленген мерзімнен кешіктірмей қауіпті өндірістік объектілерді иеленетін және (немесе) пайдаланатын ұйымға АЖЖ-мен келіспеушілікті негіздейтін дәлелді құжатты жазбаша нысанда жібереді және анықталған сәйкессіздіктер жойылатын он жұмыс күнінен аспайтын мерзімді белгілейді. Сәйкессіздіктер жойылғаннан кейін қауіпті өндірістік объектілерді иеленетін және (немесе) пайдаланатын ұйым өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы кәсіби авариялық-құтқару қызметіне АЖЖ келісуге қайта ұсынады.

10. Өндірістік объектілерді иеленетін және (немесе) пайдаланатын ұйымдармен авариялық-құтқару қызметін көрсету шарты АЖЖ келіскен кезде оны ұзарту мүмкіндігімен кем дегенде бір күнтізбелік жыл мерзімге жасалады.

11. Шартта АЖЖ орындау тәртібі, жедел бөлімшелерінің сандық құрамы қарастырылады.

12. Қауіпті өндірістік объектілерді иеленетін және (немесе) пайдаланатын ұйымдарға қызмет көрсету кезінде өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы кәсіби авариялық-құтқару қызметтері:

1) өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы кәсіби авариялық-құтқару қызметтері жедел бөлімшелерінің "Дабыл" белгісі бойынша аварияларды жоюға және авариялық-құтқару жұмыстарын жүргізуге шығуға тәулік бойы тұрақты әзірлігін;

2) жеке құрамның өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы кәсіби авариялық-құтқару қызметі жедел бөлімшесі басшысына мүлтіксіз бағына отырып авариялық-құтқару жұмыстарын орындауын;

3) аварияны жою қауіпті өндірістік объектінің техникалық басшысы аталған жұмыстарды тоқтата тұру немесе тоқтату туралы шешім қабылдаған жағдайды қоспағанда, авариялық-құтқару жұмыстары толық аяқталғанына дейін оларды жүргізу міндеттілігін қамтамасыз етеді.

13. Қауіпті өндірістік объектілерді иеленетін және (немесе) пайдаланатын ұйымдарға қызмет көрсетуді өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы кәсіби авариялық-құтқару қызметі жедел бөлімшелері жүзеге асырады, олар:

1) кәсіби авариялық-құтқару бөлімшесінен;

2) кәсіби авариялық-құтқару взводынан;

3) кәсіби авариялық-құтқару жасағынан тұрады.

14. Кәсіби авариялық-құтқару бөлімшесі, бөлімше командирі мен жедел көлік жүргізушісін қосқанда, саны жетіден одан да аса адам болатын құтқарушылардан тұрады.

15. Кәсіби авариялық-құтқару взводы екі және одан да көп авариялық-құтқару бөлімшелерінен құрылады.

16. Кәсіби авариялық-құтқару жасағы екі және одан да көп взводтардан құрылады.

17. Өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы кәсіби авариялық-құтқару қызметінің жедел бөлімшелері Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрінің 2021 жылғы 27 шілдедегі № 360 "Өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы кәсіби авариялық-құтқару қызметтерінің жеке құрамына қойылатын талаптарды және олардың штат санын есептеу нормативтерін, оларды жарактандыру нормаларын бекіту туралы" (бұдан әрі – Талаптар) (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 23812 болып тіркелген) бұйрығына сәйкес аппаратурамен, жабдықтармен, штаттық материалдар қорымен және автокөлікпен қамтамасыз етіледі.

18. Қауіпті өндірістік объектілерді иеленетін және (немесе) пайдаланатын ұйымдарға қызмет көрсету кезінде өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы кәсіби авариялық-құтқару қызметі же-

дел бөлімшелері жұмыстардың мынадай негізгі түрлерін атқарады:

- 1) авариялық-құтқару жұмыстары;
- 2) профилактикалық жұмыстар;
- 3) техникалық жұмыстар.

19. Авариялық-құтқару жұмыстары қауіпті өндірістік объектілерде техногендік және табиғи сипаттағы төтенше жағдайлар туындаған кезде авария аймағындағы адамдарды іздеу және құтқару, оларға алғашқы және психологиялық көмек көрсету, қауіпті факторлардың әсерін оқшаулау және басу немесе ең төменгі мүмкін болатын деңгейге дейін жеткізу жөніндегі іс-қимылдарды өткізу мақсатында жүргізіледі. Авариялық-құтқару жұмыстары жеке шарт немесе қосымша келісім бойынша не орындалған жұмыстар актісіне сәйкес жүзеге асырылады.

20. Қауіпті өндірістік объектідегі аварияны жою кезінде авариялық-құтқару жұмыстарын қауіпті өндірістік объектінің техникалық басшысы басқарады.

21. Қауіпті өндірістік объектінің техникалық басшысы құтқарушыларға аварияны жоюға байланысты өкімдерін тек өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы кәсіби авариялық-құтқару қызметі жедел бөлімшесінің басшысы арқылы береді.

22. Аварияны жою қауіпті өндірістік объектінің техникалық басшысының адамдарды құтқару мен аварияны жоюға бағытталған шешімдерін орындау өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы кәсіби авариялық-құтқару қызметі жедел бөлімшесінің басшысына, авария аймағындағы ұйымдар мен азаматтар орындауға тиіс.

23. Өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы кәсіби авариялық-құтқару қызметінің жедел бөлімшесінің авариялық-құтқару жұмыстарының басшысы авариялық-құтқару жұмыстарын жүргізуге қажетті толық және нақты ақпарат алады.

24. Авариялық-құтқару және шұғыл жұмыстарды жүргізуге мүмкіндік болмаған жағдайда, қауіпті өндірістік объектінің техникалық басшысы бірінші кезектегі тәртіппен төтенше жағдайлар аймағындағы адамдарды құтқару жөнінде барлық шараларды қабылдай отырып, аталған жұмыстарды толық немесе ішінара токтата тұру туралы шешім қабылдайды.

25. Авариялық-құтқару жұмыстары аварияны жою жөніндегі бекітілген жедел жұмыс жоспарына сәйкес қатаң түрде жүргізіледі.

26. "Дабыл" белгісі бойынша аварияға шығу тәртібі, аварияны жоюға қатысушы жедел бөлімшелер саны және авариялық-құтқару жұмыстарын атқаруға қажетті құрал-жабдықтар тізімі, қызмет көрсетілетін қауіпті өндірістік объектілерді иеленетін және (немесе) пайдаланатын ұйымның АЖЖ-на сәйкес анықталады.

Авариялық-құтқару жабдықтарын қолдану авариялық объектідегі іс-қимылдарға жеке құрамның жедел дайындығының, "Дабыл" белгісі бойынша нормативтік келу уақыты, қауіпті өндірістік объектілерді иеленетін және (немесе) пайдаланылатын, қызмет көрсететін ұйымның аумағында өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы кәсіби авариялық-құтқару қызметінің шоғырланған орнында әр объектінің арақашықтығы мен ерекшелігіне байланысты өңделеді және ұйымға қызмет көрсететін басшы мен өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы кәсіби авариялық-құтқару қызметінің басшысымен бекітіледі.

27. Уақтылы ден қою үшін кәсіби авариялық-құтқару қызметі авария болған шақыру түскен жерге дереу шығуды ұйымдастыруы және ең қысқа мерзімде жетуі қажет.

28. Өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы кәсіби авариялық-құтқару қызметінің жедел бөлімшесі жүргізетін профилактикалық жұмыстар, қызмет көрсетілетін қауіпті өндірістік объектілерді адамдарды құтқару және аварияларды жоюға дайындығын, өртке қарсы қорғаныстарын, қосымша шығу жолда-

рының болуын, АЖЖ-ның қызмет көрсетілетін қауіпті өндірістік объектілердің іс жүзіндегі жағдайына сәйкестігін анықтауға бағытталған.

29. Профилактикалық жұмыстарды жүргізу кезінде Қазақстан Республикасының өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы заңнамасы талаптарының бұзылғаны, оның ішінде тау-кен құтқару жұмыстарын жүргізу кезінде өртке қарсы қорғаныстың, АЖЖ қызмет көрсетілетін қауіпті өндірістік объектілердің іс жүзіндегі жағдайынан айырмашылық анықталған жағдайда өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы кәсіби авариялық-құтқару қызметі жедел бөлімшесінің басшысы қауіпті өндірістік объектілерді иеленетін және (немесе) пайдаланатын ұйымның басшылығына анықталған кемшіліктерді үш жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде жою қажеттігі туралы жазбаша түрде хабарлайды. Бұзушылықтар белгіленген мерзімде жойылмаған жағдайда өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы кәсіби авариялық-құтқару қызметі бөлімшесінің басшысы бұл туралы өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті органның аумақтық бөлімшесін хабардар етеді.

30. Техникалық жұмыстар арнайы авариялық-құтқару жабдығын қолданумен жөндеу-қалпына келтіру жұмыстарының бір түрі болып табылады және қауіпті өндірістік объектінің қауіпсіз және тоқтаусыз жұмыс істеуін қамтамасыз етуді көздейді.

31. Техникалық жұмыстар аварияларды жою, оқшаулау, олардың зардаптарын жоюмен байланысты емес, өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы кәсіби авариялық-құтқару қызметінің, арнайы қорғаныс құралдарын қолданып және (немесе) оларды қолданбай, қауіпті өндірістік объектілер аумағында, сондай-ақ оның шегінен тыс, оның ішінде көлікте жүргізіледі.

АЗАМАТТЫҚ ҚОРҒАУ ТЕРМИНОЛОГИЯЛЫҚ СӨЗДІГІ

«Азаматтық қорғау терминологиялық сөздігі» (бұдан әрі-Сөздік) ҚР ТЖМ «Азаматтық қорғау республикалық оқу – әдістемелік орталығы» (бұдан әрі-АҚ РОӨО) әзірледі. Сөздік барлық деңгейдегі азаматтық қорғаудың мемлекеттік жүйесінің басқару органдарына, сондай-ақ ақпараттық анықтамалық ретінде пайдалану үшін ЖОО мен ООО студенттеріне, жалпы білім беретін мектеп оқушыларына арналған.

Сөздікке Қазақстан Республикасының азаматтық қорғау саласындағы, сондай-ақ әскери және Ұлттық қауіпсіздік, еңбек пен қоршаған ортаны қорғау, медициналық және санитарлық-эпидемиологиялық қорғау және басқа да салалардағы нормативтік-құқықтық актілерінде қолданылған терминдер мен ұғымдар енгізілген.

Азаматтық қорғау саласындағы терминдер мен ұғымдарды жүйелеу барысында бастапқы дереккөз ретінде келесі нормативтік-құқықтық актілер пайдаланылды:

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы;
Қазақстан Республикасы Кодекстері:
- 1) Қазақстан Республикасының Бюджет кодексі 2008 жыл 4 желтоқсан ;
- 2) Қазақстан Республикасының Су кодексі 2003 жыл 9 шілде;
- 3) Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі (жалпы бөлім)
- 4) Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі (ерекше бөлім)
- 5) Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексі;
- 6) Қазақстан Республикасының Жер кодексі 2003 жыл 20 маусым;
- 7) «Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы» 2017 жылғы 27 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Кодексі;
- 8) ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодексі;

- 9) ҚР Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы Кодексі;
- 10) Қазақстан Республикасының Орман Кодексі 2003 жыл 8 шілде;
- 11) Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі 2015 жыл 23 қараша;
- 12) Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі;
- 13) Қазақстан Республикасының 2021 жылғы 2 қаңтардағы № 400-VI Экологиялық кодексі;
- 14) Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік Кодексі 2015 жыл 29 қазан;

Қазақстан Республикасының Зандары

- 1) Қазақстан Республикасының «Азаматтық қорғау туралы» Заңы 2014 жыл 11 сәуір;
- 2) Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасының Қорғанысы және Қарулы Күштері туралы» Заңы 2017 жыл 30 маусым (2019 жылғы 27 желтоқсандағы жағдай бойынша өзгерістермен және толықтырулармен);
- 3) Қазақстан Республикасының «Соғыс жағдайы туралы» 2003 жылғы 5 наурыздағы № 391-II Заңы (2017 жылғы 11 шілдедегі жағдай бойынша өзгерістерімен және толықтыруларымен);
- 4) Қазақстан Республикасының «Жұмылдыру дайындығы және жұмылдыру туралы» 1997 жылғы 16 маусымдағы № 127-I Заңы (2019 жылғы 18 наурыздағы жағдай бойынша өзгерістерімен және толықтыруларымен);
- 5) Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздігі туралы» Заңы (01.01.2020 ж. жағдай бойынша өзгерістермен және толықтырулармен);
- 6) Қазақстан Республикасының «Ақпараттандыру туралы» Заңы 2015 жыл 24 қараша № 418-V (2019 жыл 3 маусым өзгерістерімен және толықтыруларымен);
- 7) Қазақстан Республикасының «Газ және газбен жабдықтау

- туралы» Заңы 2012 жыл 9 қаңтар № 532-IV (30.12.2019 жылғы жағдай бойынша өзгерістермен және толықтырулармен);
- 8) Қазақстан Республикасының «Қорғаныс өнеркәсібі және мемлекеттік қорғаныстық тапсырыс туралы» Заңы 2019 жыл 18 наурыз № 236;
- 9) Қазақстан Республикасының «Техникалық реттеу туралы» Заңы 2020 жыл 30 желтоқсан 396-V;
- 10) Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы» Заңы 1993 жыл 8 желтоқсан;
- 11) Қазақстан Республикасының «Электр энергетикасы туралы» Заңы 2004 жыл 9 шілде;
- 12) Қазақстан Республикасының «Халықтың радиациялық қауіпсіздігі туралы» Заңы 1998 жыл 23 сәуір;
- 13) Қазақстан Республикасының «ТМД – ға қатысушы мемлекеттердің ядролық авария немесе радиациялық авариялық жағдай туындаған жағдайда дайындықты және олардың зардаптарын жою кезінде өзара көмекті қамтамасыз ету жөніндегі өзара іс-қимылы туралы келісімді ратификациялау туралы» Заңы 2021 жыл 1 ақпан № 4-VII ҚРЗ;
- 14) Қазақстан Республикасының «Ветеринария туралы» Заңы 2002 жыл 10 шілде;
- 15) Қазақстан Республикасының «Автомобиль жолдары туралы» Заңы 2001 жыл 17 шілде;
- 16) Қазақстан Республикасының «Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы» Заңы 2004 жыл 9 шілде;
- 17) Қазақстан Республикасының «Міндетті экологиялық сақтандыру туралы» Заңы 2005 жыл 13 желтоқсан;
- 18) Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік құпиялар туралы» Заңы 1999 жыл 15 наурыз;
- 19) Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы» Заңы 2001 жыл 16 шілде;

20) Қазақстан Республикасының «Төтенше жағдай туралы» Заңы 2003 жыл 8 ақпан;

21) Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік күзет қызметі туралы» Заңы 1995 жыл 3 қазан;

22) Қазақстан Республикасының «Терроризмге қарсы іс-қимыл туралы» Заңы 1999 жыл 13 шілде;

23) Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасының Ішкі істер органдары туралы» Заңы 2014 жыл 23 сәуір;

24) Қазақстан Республикасының «Қызметі үшінші тұлғаларға зиян келтіру қаупімен байланысты объектілер иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы» Заңы 2004 жыл 7 шілде;

25) Қазақстан Республикасының «Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы» Заңы 2006 жыл 7 шілде;

26) Қазақстан Республикасының «Жол жүрісі туралы» Заңы 2014 жыл 17 сәуір;

27) Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Қарулы Күштердің, басқа да әскерлер мен әскери құралымдардың арсеналдары, базалары мен қоймалары жанындағы тыйым салынған аймақтар мен тыйым салынған аудандар мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2020 жылғы 29 мамырдағы № 337 Заңы;

28) Қазақстан Республикасының «Жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» 2001 жылғы 23 қаңтардағы №148 Заңы; ;

29) Қазақстан Республикасының «Құқықтық актілер туралы» 2016 жылғы 6 сәуірдегі № 480 Заңы;

28) Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстан Республикасының Әскери доктринасын бекіту туралы» 2017 жылғы 29 қыркүйектегі № 554 Жарлығы;

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы және орталық атқарушы органдардың бұйрықтары

1) Қазақстан Республикасы Үкіметінің «Нормативтік құқықтық актілерді ресімдеу, келісу, мемлекеттік тіркеу және олардың күшін жою қағидаларын бекіту туралы» 2016 жылғы 6 қазандағы №568 Қаулысы;

2) Қазақстан Республикасы Үкіметінің «Экономиканың стратегиялық маңызы бар салаларының өздеріне қатысты меншіктің мемлекеттік мониторингі жүзеге асырылатын объектілерінің тізбесін бекіту туралы» 2004 жылғы 30 шілдедегі № 810 Қаулысы;

3) Қазақстан Республикасы Үкіметінің «Ұлттық холдингтердің және (немесе) ұлттық компаниялардың не олардың үлестес тұлғаларының, сондай-ақ мемлекет қатысатын өзге де заңды тұлғалардың жарғылық капиталына (немесе) олардың меншігіндегі стратегиялық объектілердің және мемлекетпен үлестес емес заңды тұлғалардың, сондай-ақ жеке тұлғалардың меншігіндегі стратегиялық объектілердің тізбелерін бекіту туралы» 2008 жылғы 30 маусымдағы №651 Қаулысы;

4) Қазақстан Республикасы Үкіметінің «Қазақстан Республикасының террористік тұрғыдан осал объектілерінің тізбесін бекіту туралы» 2013 жылғы 28 тамыздағы № 876 Қаулысы;

5) Қазақстан Республикасы Үкіметінің «Мемлекеттік органдардың, қорғаныс, қауіпсіздік және құқық тәртібін қорғау органдарының мұқтаждары үшін ортақ пайдаланылатын телекоммуникация желілерін, бірыңғай телекоммуникация желісінің ресурстарын дайындау мен пайдалану қағидаларын бекіту туралы» 2001 жылғы 31 қаңтардағы № 164 Қаулысы;

6) Қазақстан Республикасы Үкіметінің «Төтенше жағдайлар, төтенше жағдай режимін енгізу кезінде медициналық көмек көрсету қағидаларын, түрлері мен көлемін бекіту туралы» 2010 жылғы 17 маусымдағы № 608 Қаулысы; ;

7) Қазақстан Республикасы Үкіметінің «Уларды өндірумен, өңдеумен, тасымалдаумен, сатып алумен, сақтаумен, сатумен,

пайдаланумен және жоюмен айналысатын ұйымдар туралы"» 2015 жылғы 16 ақпандағы № 59 Қаулысы (тізбеге өзгеріс енгізілді-ҚР Үкіметінің 16.09.2019 № 689 Қаулысымен).

8) Қазақстан Республикасы Үкіметінің «Режимдік аумақтар аймақтарын пайдалану Қағидалары туралы» 2003 жылғы 17 қаңтардағы №45 Қаулысы;

9) Қазақстан Республикасы Үкіметінің «Террористік тұрғыдан осал объектілердің терроризмге қарсы қорғалуын ұйымдастыруға қойылатын талаптарды бекіту туралы» 2021 жылғы 6 мамырдағы № 305 Қаулысы;

10) Қазақстан Республикасы Үкіметінің «Өрт қауіпсіздігі қағидаларын бекіту туралы» 2014 жылғы 9 қазандағы № 1077 Қаулысы;

11) Қазақстан Республикасы Үкіметінің «Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың сыныптамасын белгілеу туралы» 2014 жылғы 2 шілдедегі № 756 Қаулысы;

12) Қазақстан Республикасы Үкіметінің «Табиғи сипаттағы төтенше жағдайлар салдарынан зардап шеккендерге келтірілген зиянды (нұқсанды) өтеу қағидаларын бекіту туралы» 2014 жылғы 19 желтоқсандағы №1358 Қаулысы.

13) Қазақстан Республикасы Үкіметінің «ТЖ салдарынан тұрғын үйсіз қалған азаматтарға тұрғын үй беру қағидаларын бекіту туралы» 2014 жылғы 21 қарашадағы №1222 Қаулысы;

14) ҚР ПМ-нің 2017 жылғы 18 наурыздағы №209 Бұйрығы (ҚР ПМ-нің 2015 жылғы 6 наурыздағы №190 бұйрығына өзгеріспен толықтыру), «Азаматтық қорғаныс іс-шараларын ұйымдастыру және жүргізу қағидалары»;

15) ҚР ПМ-нің 2014 жылғы 24 қазандағы №732 «Азаматтық қорғаныстың инженерлік-техникалық іс-шараларының көлемі мен мазмұны» бұйрығы;

16) ҚР ТЖМ «қауіпті өндірістік объектілерді декларацияланатын объектілерге жатқызу өлшемшарттарын бекіту туралы» 2021 жылғы 26 мамырдағы № 240 Бұйрығы;

17) ҚР ПМ-нің «Азаматтық қорғау құралымдарын құру, ұстау, материалдық-техникалық қамтамасыз ету, даярлау және тарту қағидаларын бекіту туралы» 2015 жылғы 23 сәуірдегі № 387 бұйрығы.

18) ҚР ПМ «Өрт қауіпсіздігіне қойылатын жалпы талаптар техникалық регламентін бекіту туралы» 2017 жылғы 23 маусымдағы № 439 бұйрығы;

19) Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрінің «Ұйымдардың қызметкерлері мен халықты өрт қауіпсіздігі шараларына оқыту қағидаларын және өрт қауіпсіздігі шараларына оқыту жөніндегі оқу бағдарламаларының мазмұнына қойылатын талаптарды бекіту туралы» 2014 жылғы 9 маусымдағы № 276 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" ҚР ПМ 2019 жылғы 4 желтоқсандағы № 1035 бұйрығы";

20) ҚР ПМ-нің «Азаматтық қорғаудың мемлекеттік жүйесін ұйымдастыру және оның қызметі қағидаларын бекіту туралы» 2015 жылғы 24 ақпандағы № 149 Бұйрығы;

21) ҚР ТЖМ «Азаматтық қорғаныстың қорғаныш құрылыстарын есепке қою және есептен шығару қағидаларын бекіту туралы» 2014 жылғы 30 мамырдағы № 265 бұйрығы;

22) ҚР ПМ-нің «Азаматтық қорғаныс мүлкін сатып алу, құру және пайдалану қағидаларын бекіту туралы» 2015 жылғы 8 маусымдағы № 510 Бұйрығы";

23) Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің «Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды мемлекеттік есепке алуды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» 2015 жылғы 3 наурыздағы № 175 бұйрығы;

24) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің «Денсаулық сақтау объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар санитариялық қағидаларын бекіту туралы» 2020 жылғы 11 тамыздағы № ҚР ДСМ -96/2020 бұйрығы

25) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің «Санитариялық-эпидемияға қарсы және санитариялық-профи-

лактикалық іс-шараларды ұйымдастыру мен жүргізудің кейбір мәселелері туралы» 2020 жылғы 5 шілдедегі № ҚР ДСМ-78/2020 бұйрығы;

26) Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің «Өндірістік мақсаттағы ғимараттар мен құрылыстарға қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар санитариялық қағидаларын бекіту туралы» 2015 жылғы 28 ақпандағы №174 бұйрығы;

27) Қазақстан Республикасы экология, геология мен табиғи ресурстар министрінің М.А. «Мемлекеттік бақылау жүйесінің ауаның ластануын бақылайтын стационарлық бақылау пункттері туралы Ережені бекіту туралы» 2021 жылғы 2 тамыздағы № 284 бұйрығы;

28) Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрінің «Өрт қауіпсіздігінің жалпы Қағидалары» техникалық регламентін бекіту туралы» 2021 жылғы 17 тамыздағы № 405 бұйрығы.

-А-

Абсорбция — газ және сұйық құрамындағы заттарды сұйық, сирегірек қатты заттар (абсорбенттер) көмегімен сіңіріп алу процесі;

Авария — ғимараттардың, құрылыстардың және (немесе) техникалық құрылғылардың қирауы, бақыланбайтын жарылыс және (немесе) қауіпті заттардың шығарындысы;

Авариялық жарылыс - өндіріс технологиясын бұзу, қызмет көрсететін қызметкерлердің қателігі немесе жобалау кезінде жіберілген қателіктердің салдарынан болған жарылыс;

Авариялық бұзушылық — жұмысын тоқтату немесе оны пайдалану барысында ақауға әкелген электрқалдырғыларын жұмыс параметрлері мен элементтерінің технологиялық ауытқулары;

Авариялық жағдай – 1) аварияны тудыратын шаттар мен жағдайлардың үйлесуі; 2) адамдардың жоспарланбаған сәуле-

ленуіне не болмаса қоршаған ортаның радиациялық ластануына әкелмеген иондық сәуле көздерін бақылауды жоғалтқан инциденттер;

Авариялық сәулелену – ядролық немесе радиациялық авария нәтижесіндегі сәулелену;

Авариялық шығарынды – техникалық жүйелердің, тазалау ғимараттарында болған аварияның салдарынан қоршаған ортаға (суға, жерге, ауаға) қасақана емес таралуы;

Авариялық бронь – электрмен үздіксіз жабдықтау объектісіне берілуі ол үшін маңызды құрылғылардың жұмыс істеуін сақтайтын және тыныс-тіршілікті қамтамасыз ету объектілері жұмысының бұзылуын, сондай-ақ апатты экологиялық, әлеуметтік немесе экономикалық зардаптарды немесе адамдардың өлімін болғызбайтын ең төменгі қажетті электр қуаты;

Авариялық-құтқару жұмыстары – адамдарды, материалдық және мәдени құндылықтарды іздестіру және құтқару, төтенше жағдай аймағындағы халыққа шұғыл медициналық және психологиялық көмек көрсету, төтенше жағдай аймағында және әскери іс-қимылдар жүргізу кезінде қоршаған ортаны қорғау, оларға тән қауіпті факторлардың әсерін оқшаулау және басу немесе ең өменгі мүмкін болатын деңгейге дейін жеткізу жөніндегі іс-қимылдар;

Авариялық-құтқару құрылымы – авариялық-құтқару жұмыстары мен кезек күттірмейтін жұмыстарды жүргізуге арналған дербес немесе аттестатталған авариялық-құтқару қызметінің құрамына кіретін азаматтық қорғау күштерінің ұйымдық-құрылымдық бірлігі;

Авариялық-құтқару қызметі – бірыңғай жүйеге функционалдық біріктірілген, төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою жөніндегі міндеттерді шешуге арналған, азаматтық қорғаудың ұйымдық-біріктірілген басқару органдарының, авариялық-құтқару құрылымдары мен құралдарының жиынтығы;

Авариялар мен апаттар кезіндегі шұғыл шақыру жүйесі–

навигациялық спутниктік жүйелердің сигналдары мен деректерін пайдалана отырып жұмыс істейтін, шұғыл қимылдайтын жедел қызметтерге Қазақстан Республикасының автомобиль жолдарындағы жол-көлік оқиғалары және өзге де төтенше жағдайлар туралы қалыпқа түсірілген ақпарат беруді қамтамасыз ететін мемлекеттік автоматтандырылған ақпараттық жүйе;

Авариялық орта – ТЖ аумағындағы объектілерге қирату күшінен туындаған орта;

Авариялық оңтайландыру қазидаты (радиация) - төтенше (авариялық) жағдайларда қолданылатын шаралардың нысаны, ауқымы мен ұзақтығы радиациялық авария салдарын жою жөніндегі іс-шаралардың зиянға қарағанда пайдасы көп болатындай етіп оңтайландырылуға тиіс.

Автоматты өрт хабарлағыш – өртке ілесе жүретін факторларға ден қоятын өрт хабарлағыш;

Авариялық шығу – эвакуация жолына, тікелей сыртқа немесе қауіпсіз аймаққа алып келетін, адамдарды құтқару үшін қосымша шығу ретінде пайдаланылатын, алайда эвакуация жолдары мен шығу есіктерінің қажетті саны мен көлемінің өрт кезінде адамдарды қауіпсіз эвакуациялау шарттарына сәйкестігін бағалау кезінде ескерілмейтін шығу жолы (есік, люк);

Автоматтық автожанармай құю станциясы – технологиялық жүйесі көлік құралдарына сұйық мотор майын құюға арналған және резервуарларының жер астында орналасуымен және мұнай өнімдерін отын тарату колонкалары арқылы автоматтандырылған (оператордың қатысуысыз) түрде жіберумен сипатталатын стационарлық автожанармай құю станциясы;

Автоматты өрт сөндіру жүйесі - өртті анықтау, арнайы ақпаратты, өрт туралы хабарландыруды жинау, өңдеу және тапсырылған түрде беруге және өртті автоматты түрде сөндіруге арналған бірге әрекет ететін техникалық құралдардың жиынтығы;

Азотты өрт сөндіру қондырғысы — онда өрт сөндіруші зат ретінде азот пайдаланылатын өрт сөндіру қондырғысы;

Автоматты өрт хабарлағыш - өртке ілесе жүретін факторларға ден қоятын өрт хабарлағыш;

Автомобиль жолы – автомобильдердің және басқа да көлік құралдарының белгіленген жылдамдықпен, жүктемелермен, габаритпен үздіксіз, қауіпсіз жүрісін қамтамасыз ететін, автомобильдер жүрісіне арналған инженерлік құрылыстар кешені, сондай-ақ осы кешенді орналастыру үшін берілген жер учаскелері (көлік жерлері) және олардың үстіндегі белгіленген габарит шегіндегі әуе кеңістігі;

Агрессия - шет мемлекеттің (мемлекеттер тобының не коалициясының) Қазақстан Республикасының егемендігіне, аумақтық қол сұғылмаушылығына немесе саяси тәуелсіздігіне қарсы қарулы күш қолдануы немесе оған Біріккен Ұлттар Ұйымының Жарғысымен сыйыспайтын қандай да болсын басқадай әрекет жасауы;

Ағын су - ойпанды жер бетінде ылдифа құлай аққан судың қозғалысымен сипатталатын су объектісі;

Адамдар жаппай болатын объект – бір мезгілде жүз және одан көп адамның болуына есептелген сауда, қоғамдық тамақтану, тұрмыстық қызмет көрсету кәсіпорындарының, дене шынықтыру-сауықтыру, спорттық, мәдени-ағарту және ойын-сауық ұйымдарының, көңіл көтеру орындарының, барлық көлік түрлері вокзалдарының, ғибадат үйлерінің (құрылыстарының) ғимараты, құрылысы, үй-жайы, сондай-ақ бір мезгілде жиырма бес және одан көп адамның болуына есептелген денсаулық сақтау, білім беру ұйымдарының, қонақ үйлердің ғимараты, құрылысы;

Адамдарды эвакуациялаудың есептік уақыты – эвакуациялау жолының берілген көлемдік-жоспарлау және конструкциялық шешімдері кезінде адамдарды өрт туралы құлақтандырылған сәттен бастап ғимараттан, құрылыстан қауіпсіз аймаққа эвакуациялау аяқталған сәтке дейінгі уақыт аралығы;

Азаматтық қорғаныстың қорғаныш құрылысы – халықты қазіргі заманғы зақымдаушы құралдардың зақымдау (қирату)

факторларының әсерінен қорғау үшін арнайы жабдықталған және соған арналған инженерлік құрылыс;

Азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті орган – табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың алдын алу және жою, халыққа шұғыл медициналық және психологиялық көмек көрсету, өрт қауіпсіздігін және Азаматтық қорғанысты ұйымдастыруды қамтамасыз ету бөлігінде азаматтық қорғау саласында басшылықты және салааралық үйлестіруді, мемлекеттік саясатты әзірлеуді және іске асыруды жүзеге асыратын орталық атқарушы орган;

Азаматтық қорғаныс мүлкі - жеке қорғану құралдары, радиациялық, химиялық барлау және дозиметрлік бақылау аспаптары, жеке медициналық қорғану құралдары, байланыс және құлақтандыру құралдары және басқа да материалдық-техникалық құралдар.

Азаматтық қорғаныстың инженерлік-техникалық іс-шаралары – бұл халықты қорғау, соғыс уақытында экономика объектілері жұмысының тұрақтылығын арттыру, ықтимал қираулардың, қазіргі заманғы зақымдаушы құралдарды қолдану салдарынан халықтың шығынының алдын алу немесе азайту, зақымдау ошақтарында, авариялар және дүлей зілзалалар аудандарында авариялық-құтқару және шұғыл жұмыстарды жүргізу үшін жағдай жасау мақсатында жүргізілетін іс-шаралар кешені.

Азаматтардың жеке тұрғын үй құрылысын жүзеге асыруға жұмсаған шығыстарын өтеу – үлгілік жобалар бойынша жеке тұрғын үй құрылысын дербес жүзеге асыратын азаматтарға төтенше жағдай салдарынан қираған тұрғын үйдің орнына біржолғы ақшалай

Аралас өрт хабарлағышы - екі немесе одан да көп өрт факторына жауап беретін өрт хабарлағышы.

Азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті орган – табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың алдын алу және жою, халыққа шұғыл медициналық және психологиялық

көмек көрсету, өрт қауіпсіздігін және Азаматтық қорғанысты ұйымдастыруды қамтамасыз ету бөлігінде азаматтық қорғау саласында басшылықты және салааралық үйлестіруді, мемлекеттік саясатты әзірлеуді және іске асыруды жүзеге асыратын орталық атқарушы орган;

Азаматтық қорғаныс – Қазақстан Республикасының халқы мен аумағын қазіргі заманғы зақымдаушы құралдардың зақымдау (қирату) факторларының әсерінен, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардан қорғау жөнінде бейбіт уақытта және соғыс уақытында жүргізілетін жалпымемлекеттік іс-шаралар кешенін іске асыруға арналған азаматтық қорғаудың мемлекеттік жүйесінің құрамдас бөлігі;

Азаматтық қорғаныс жоспары - бейбіт және соғыс уақытындағы азаматтық қорғаныс іс-шараларының көлемін, ұйымдастырылуын, орындау тәртібін, мерзімдерін айқындайтын құжаттар кешені;

Азаматтық қорғау күштерінің топтамасы - белгілі бір жүйеге жинақталған және тиісті түрде өрістетілген (орналасқан) азаматтық қорғау күштері, сондай-ақ төтенше жағдайлар аймақтарында авариялық-құтқару және кезек күттірмейтін жұмыстарды жүргізу және қазіргі заманғы зақымдау құралдарын қолдану үшін, сондай-ақ азаматтық қорғаудың басқа да міндеттерін шешу үшін тартылатын Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері, басқа да әскерлер мен әскери құрылымдар.

Азаматтық қорғаныс объектілері - басқару пункттері, жеке тұрған және қоса салынған паналар, радиацияға қарсы жасырын паналар, азаматтық қорғаныс мүлкін сақтауға арналған қойма үй-жайлары;

Азаматтық қорғау органдары – азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті орган, оның ведомствосы, аумақтық бөлімшелері және оның ведомствосына ведомстволық бағынысты мемлекеттік мекемелер;

Азаматтық қорғау қызметі – азаматтық қорғаудың арнайы

іс-шараларын орындауға арналған азаматтық қорғаудың басқару органдары мен күштерінің республикалық, облыстық, қалалық, аудандық жүйелері;

Азаматтық қорғанысты бақылау және зертханалық бақылау желісі – жағдайды қадағалау, бақылау және болжау қызметінде құрылған желі бейбіт және соғыс уақытында ауыз судың, тамақ және жемшөп шикізатының, азық-түліктің, қоршаған ортаның (ауаның, топырақтың, судың, өсімдіктердің) радиоактивті, химиялық, биологиялық зақымдануын (ластануын) уақтылы анықтауға және индикациялауға арналған желі;

Азаматтық қорғаныстың мүлкін сақтауға арналған қойма үй-жайлары – азаматтық қорғаныстың мүлкін сақтауға, олардың сақталуын және беруге әзірлігін қамтамасыз етуге арналған арнайы жабдықталған оқшауланған үй-жайлар;

Азаматтық қорғау күштері – азаматтық қорғаныстың әскери бөлімдері, авариялық-құтқару қызметтері мен құрылымдары, мемлекеттік және мемлекеттік емес өртке қарсы қызмет бөлімшелері, азаматтық қорғау құрылымдары, азаматтық қорғау саласындағы уәкілеті органның авиациясы, жағдайды байқау, бақылау және болжау қызметтері;

Азаматтық қорғаудың құлақтандыру жүйесі – халыққа және мемлекеттік органдарға адамдардың өмірі мен денсаулығына төнген қатер туралы, қалыптасқан жағдайда әрекет ету тәртібі туралы хабар беруді қамтамасыз ететін бағдарламалық және техникалық құралдар жиынтығы;

Азаматтық қорғау құралдары – халықты қорғау және азаматтық қорғау күштерін жарақтандыру үшін қолданылатын материалдық-техникалық мүлік;

Азаматтық қорғаудың арнайы іс-шаралары – азаматтық қорғау қызметтерінің Қазақстан Республикасының халқын, объектілері мен аумағын төтенше жағдайлар мен әскери қақтығыстар кезінде немесе осы қақтығыстар салдарынан туындайтын қауіптерден қорғауға бағытталған, жұмыстарды инженерлік,

радиациялық, химиялық, медициналық, өртке қарсы, көліктік, материалдық-техникалық, гидрометеорологиялық және өзге де қамтамасыз ету бойынша күні бұрын немесе жедел іс-қимыл жасауы;

Азаматтық қорғаныстың қорғаныш құрылыстары қоры – азаматтық қорғаныс бойынша санаттарға жатқызылған ұйымдардың жұмыскерлері мен халықты қазіргі заманғы зақымдаушы құралдардың зақымдау (қирату) факторларының әсерінен, сондай-ақ төтенше жағдайлар кезінде қорғау үшін арнайы жабдықталған және соған арналған инженерлік құрылыстар жиынтығы;

Азаматтық қорғау саласындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау – өз құзыреті шегінде Қазақстан Республикасының азаматтық қорғау саласындағы заңнамасының талаптарын жеке және заңды тұлғалардың сақтауын қамтамасыз етуге бағытталған, азаматтық қорғау саласындағы және өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті органдардың қызметі;

Азаматтық қорғаудың мемлекеттік жүйесі – Қазақстан Республикасының халқын, объектілері мен аумағын төтенше жағдайлар мен әскери қақтығыстар кезінде немесе осы қақтығыстар салдарынан туындайтын қауіптерден қорғау жөніндегі жалпымемлекеттік іс-шаралар кешенін іске асыруға арналған, азаматтық қорғаудың басқару органдарының, күштері мен құралдарының жиынтығы;

Азаматтық қорғау – өрт қауіпсіздігі мен өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету, мемлекеттік материалдық резервті қалыптастыру, сақтау және пайдалану жөніндегі іс-шараларды қамтитын, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар мен олардың салдарларының алдын алуға және оларды жоюға, азаматтық қорғанысты ұйымдастыруға және жүргізуге, төтенше жағдай аймағындағы халыққа шұғыл медициналық және психологиялық көмек көрсетуге бағытталған, бейбіт уақытта және соғыс уақытында жүргізілетін жалпымемлекеттік іс-шаралар кешені;

Азаматтық қорғаныстың инженерлік-техникалық іс-шаралары – бұл халықты қорғау, соғыс уақытында экономика объектілері жұмысының тұрақтылығын арттыру, ықтимал қираулардың, қазіргі заманғы зақымдаушы құралдарды қолдану салдарынан халықтың шығынының алдын алу немесе азайту, зақымдау ошақтарында, авариялар және дүлей зілзалалар аудандарында авариялық-құтқару және шұғыл жұмыстарды жүргізу үшін жағдай жасау мақсатында жүргізілетін іс-шаралар кешені.

Азот қышқылы - күшті монобазды улы қышқыл. Қатты азот қышқылы моноклиникалық және ромбтық торлармен екі кристалды модификацияны құрайды, кез-келген арақатынаста сумен араласады;

Акватория - табиғи, жасанды немесе шартты шекаралармен шектелген су кеңістігі;

АҚ күштері топтамасының бірінші эшелоны - қарсылас шабуыл жасаған сәтте қаладағы өндірістік қызметті жалғастырып жатқан объектілерде, сондай-ақ адамдар болуы мүмкін басқа да орындарда авариялық-құтқару және кезек күттірмейтін жұмыстарды өрістетуге және жүргізуге арналған. Бірінші эшелон құрамына азаматтық қорғаныстың әскери бөлімдері, Азаматтық қорғаныс бойынша топтарға жатқызылған қалалардың және өндірістік қызметті жалғастырып жатқан объектілердің авариялық-құтқару құралымдары кіреді. Ахуалға байланысты бірінші эшелонға, сондай-ақ Азаматтық қорғаныс бойынша топтарға жатқызылған қалалардың маңында орналасқан аудандардың азаматтық қорғау күштері де кіреді;

АҚ күштері топтамасының екінші эшелоны – күшті ұлғайтуға және авариялық-құтқару және кезек күттірмейтін жұмыстар шебін кеңейтуге, сондай-ақ бірінші эшелонның ауыстыруды талап ететін азаматтық қорғау бөлімдері (бөлімшелері) мен күштеріне арналған. Оның құрамына азаматтық қорғаныс әскери бөлімдері мен әскери қолбасшылық бөлген әскери бөлімдер, бірінші эшелон құрамына кірмеген азаматтық қорғау күштері,

оның ішінде азаматтық қорғау күштерін тарта отырып, азаматтық қорғаныс топтарына жататын қалалардың маңында орналасқан аудандардың (ауылдық), кейіннен шалғай аудандардың (ауылдық) азаматтық қорғаныс күштері енгізіледі.

АҚ күштері топтамасының резерві - кенеттен туындаған міндеттерді шешуге және бірінші және екінші эшелонның азаматтық қорғау күштерін ауыстыруға арналған. Резерв құрамына эшелондар құрамына кірмеген азаматтық қорғау құралымдары, шалғай аудандардың (ауылдық) азаматтық қорғаныс күштері, сондай-ақ қойылған міндеттерді орындағаннан кейін зақымдау ошақтарынан шығарылған күштер мен құралдар енгізіледі.

Ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымның аса маңызды объектілері – жұмыс істеуінің бұзылуы немесе тоқтауы әлеуметтік және (немесе) техногендік сипаттағы төтенше жағдайға немесе қорғаныс, қауіпсіздік, халықаралық қатынастар, экономика, шаруашылықтың жекелеген салалары үшін немесе тиісті аумақта тұратын халықтың тыныс-тіршілігі үшін, оның ішінде: жылумен жабдықтау, электрмен жабдықтау, газбен жабдықтау, сумен жабдықтау, өнеркәсіп, денсаулық сақтау, байланыс, банк саласы, көлік, гидротехникалық құрылыстар, құқық қорғау қызметі, "электрондық үкімет" инфрақұрылымы үшін едәуір теріс салдарға алып келетін ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылым объектілері.

АҚ күштерін топтастыру қоры - кенеттен туындайтын міндеттерді шешуге және бірінші және екінші эшелондардың азаматтық қорғау күштерін ауыстыруға арналған. Резерв құрамына эшелондардың құрамына кірмеген азаматтық қорғау құралымдары, шалғайдағы аудандардың (ауылдық) азаматтық қорғаныс күштері, сондай-ақ қойылған міндеттерді орындағаннан кейін зақымдау ошақтарынан шығарылған күштер мен құралдар енгізіледі.

Ақпараттық қауіпсіздікті қуәландырушы орталық – Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті айқын-

дайтын, электронды нысанда қауіпсіздік сертификаттарын беретін заңды тұлға;

Алғашқы көмек көрсететін өрт автомобильдері - өрт орнына әскери есепті, өрт-техникалық жарақтарды, апаттық-құтқару аспаптары мен өзге арнайы жабдықтарды жеткізуге, апаттық құтқару жұмыстарын жүргізуге және негізгі күштер мен жабдықтарды жеткізу үшін өрт сөндіруге арналған автомобиль;

Альфа-сәуле – иондалған сәуле түрі, оң зарядталған бөлшектердің ағыны (α -бөлшектер), ол радиоактивті ыдырау мен ядролық реакция салдарынан шығады. Альфа-сәуленің әсері әлсіз (қағаз парағы ұстап қалады). Альфа-сәуленің атмақпен, ауа немесе зақымданған терімен ішкі ағзаға енуі қауіпті.

Аммиак - NH_3 , сутегі нитридi, қалыпты жағдайда - өткір иісті (мүсәтір спиртi иісті) түссіз газ. Аммиак ауадан шамамен алғанда екі есе жеңіл. Аммиактың суда ерігіштігі жоғары - 1000 көлем суда 1200 көлем (0°C кезінде) немесе 700 көлем (20°C кезінде) NH_3 ериді. Табиғатта құрамында азаоты бар органикалық заттардың ыдырауынан пайда болады. 50-100 мг. мөлшердегі аммиак өлімге алып келеді.

Аннексия - Қазақстан Республикасының аумағын немесе оның бір бөлігін шет мемлекеттің күштеп қосып алуы, басып алуы;

Антидоттар (у қайтарғыш)— ағзадан улы және улағыш заттарды шығаруға немесе зиянсыздандыруға септесетін у қайтарғыштар, дәрі-дәрмек түрлері. Антидоттар улағыш заттармен зақымдану қауіпі кезінде — профилактикалық мақсатта, сондай-ақ емдік мақсатта — зақымдану белгілері пайда болу кезінде, мыс., фосфоры бар улағыш заттарға қарсы афин, көгертікші қышқылға қарсы амилнитрит қолданылады.

Антисептик – микробтарды жою мақсатында теріге немесе тінге қолдануға арналған микробқа қарсы химиялық агент.

Антропогендік авария – тура немесе жанамалы түрде адамның әрекетінің ағаттынан (қателіген) экономика объектісінде халықтың өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін қауіпті жағдай;

Антропогендік ластану - адамның шаруашылық іс-әрекеті салдарынан болатын ластану; мұндайда табиғи ластанудың құрамы мен қарқындылығына оның тікелей де, жанама да ықпалы қосылады;

Антропогендік әсер ету - табиғатқа, қоршаған ортаға, елді мекенге адам қызметінің түрлі ықпал ету нәтижесінде туындаған оң және теріс әсер етулер. Теріс әсер тигізілген жағдайда табиғат қорғау шараларын қолдану қажеттігі туындайды;

Апаттар медицинасы қызметі – зардап шеккендерге шұғыл медициналық көмек көрсету жолымен әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың медициналық-санитариялық салдарының алдын алуға және оларды жоюға және төтенше жағдайлар аймағында, төтенше жағдай енгізілген аумақта санитариялық-эпидемияға қарсы (профилактикалық) іс-шараларды өткізу, төтенше жағдайларды жоюға қатысқандардың денсаулығын сақтау мен қалпына келтіруге арналған күштер мен құралдардың жиынтығы; медициналық-санитариялық жағдайды қадағалау және бақылау бөлімшелері (апаттар медицинасының кезекші – диспетчерлік пункттері), төтенше жағдайлар саласындағы уәкілетті органның шұғыл медициналық көмек қызметі, денсаулық сақтау жүйесінің шұғыл медициналық көмек ұйымдары, зардап шеккендерге консультациялық-диагностикалық, стационарлық көмек көрсетуге, қалпына келтіру мен медициналық оңалтуға арналған медициналық ұйымдар, қан қызметі, мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық қызмет ұйымдары, Азаматтық қорғаныс медициналық қызметінің мекемелері мен құрамалары, сондай-ақ төтенше жағдайлар салдарын жоюға арналған өзге де күштер мен құралдар кіреді;

Апаттық-құтқару өрт автомобилі - апаттық-құтқару жұмыстарын жүргізуге арналған және өрт орнына әскери есепті, арнайы апаттық-құтқару аспаптары мен жабдықтарын жеткізуге, жұмысшы алаңға жарық беруге, әскери есепті және апаттық-құтқару жұмыстарының басшысын радиобайланыспен қамтамасыз етуге арналған автомобиль;

Апатия – эмоциялық немқұрайлылық, әрекетсіздік пен құлықсыздық жай-күйі;

Арқандық-түсіргіш құтқару құрылғысы - адамдар мен материалдық құндылықтарды биіктіктен құтқаруға арналған өрт құтқару құрылғысы;

Араласу (радиация) – сәулелену ықтималдығын не сәулелену дозасын немесе сәулеленудің қолайсыз салдарларын төмендетуге бағытталған іс-қимыл;

Араласу деңгейі (радиация) – созылмалы немесе авариялық сәулелену ахуалдарының пайда болу жағдайларында қорғаныш немесе авариядан кейінгі шаралар қабылданатын, қол жеткізілген кезде жол берілмейтін дозалар шамасы;

Аралық эвакуациялау пункттері - егер тұрақты орналастыру аудандары бұзылуы мүмкін аймақтардан тыс, қатынас жолдарының жанында тәуліктен артық өту қашықтығында болса құрылады. Олар эвакуацияланатын халықты қысқа мерзімге орналастыруға (демалуға), оны қайта тіркеуге, қажет болған жағдайда дозиметриялық, химияға қарсы бақылау жүргізуге, адамдарды санитариялық өңдеуге және оларды қауіпсіз аймақтағы қоныстандыру орындарына жөнелтуге арналған.

Арнайы жұмыстар – арнайы техникалық құралдарды және (немесе) тәсілдерді пайдалана отырып, міндеттерді орындауды қамтамасыз етуге бағытталған жеке құрамның іс-қимылы;

Арнайы контейнер (радиация) – еркін ашуға болмайтын жүктерді арасында қайта тиеусіз, орамаланған немесе орамаланбаған жүктерді бір немесе бірнеше көлік түрімен тасымалдау үшін конструкцияланған көлік жабдығы, көп рет қолдану мақсатында қатты және берік жасалады. Арнайы контейнерлер ретінде үлкен жүк контейнерлері және көліктік орама жиынтықтары болуы мүмкін;

Арнаулы пошта байланысы қызметі арналары - арнаулы жөнелтілімдерді жөнелтуге пайдаланылатын пошта желілерінің, арнаулы және фельдъегерлік байланыс бөлімшелерінің жиынтығы;

Аса маңызды объектілер - тұтастығының бұзылуы мемлекеттің қауіпсіздігіне, оған жүктелген функциялардың нақты іске асырылуына теріс әсер етуі, экономикаға елеулі залал келтіруі, мемлекетаралық қатынастарды қиындатуы мүмкін, сондай-ақ мемлекет пен қоғам үшін маңызы бар мемлекеттік объектілер;

Асимметриялық диметилгидразин (гептил) - өткір жағымсыз иісі бар түссіз мөлдір сұйықтық (бүлінген балықтың иісі аммиактың иісіне ұқсас, спраттың иісіне өте ұқсас). Қайнау температурасы +63.1 С, кристалдану -58 С, гидроциан қышқылына қарағанда 6 есе улы. Сумен, мұнай өнімдерімен, спирттермен және көптеген органикалық еріткіштермен жақсы араласады;

Арқандық-түсіргіш құтқару құрылғысы - адамдар мен материалдық құндылықтарды биіктіктен құтқаруға арналған өрт құтқару құрылғысы;

Арнайы өрт автомобильдері - өрт сөндіру кезінде арнайы жұмыстар орындауға арналған автомобиль;

Арындық жалғастырғышты қосқыш өрт басы - су құбырын және түтік құбыр жабдығын арынды өрт түтік құбырларымен қосуға арналған қосқыш өрт басы. Ішкі қосқыш ойыққа ие.

Арынды-сорғыш өрт түтік құбыры - ашық су көзінен сондай-ақ қысым астындағы су көзінен (гидранттан) жұмыс істеуге арналған өрт түтік құбыры;

Арынды өрт түтік құбыры (арынды түтік құбыр) - артық қысым астындағы өрт сөндіргіш заттарды тасымалдауға арналған өрт түтік құбыры;

Ауа-көбікті өрт сөндіргіш - көбік түзетін қоспалардың сулы ерітіндісінің зарядымен өрт сөндіргіш;

Ауа-көбікті өрт сөндіруге арналған өрт автомобилі - өрт орнына әскери есепті, көбік түзгішті, өрт-техникалық жарақтарды жеткізуге және өрт ошағына ауа-механикалық көбікті беруге арналған автомобиль;

Ауа сүзгіш - адам апаттық-құтқару жұмыстарын жүргізу кезінде тыныс алу органдарын қорғауға арналған жеке құрал;

Аудандық маңызы бар автомобиль жолдары-аудан орталықтарын ауылдық елді мекендермен жалғастыратын автомобиль жолдары;

Аумақтарды аймақтарға бөлу - қала құрылысын жоспарлау кезінде жекелеген аймақтарды қала құрылысына пайдалану түрлері мен оларды пайдалану жөніндегі мүмкін болатын шектеулерді белгілей отырып аумақтарды функционалдық аймақтарға бөлу;

Аумақтық қорғаныс – Қазақстан Республикасының халқын, объектілерін және коммуникацияларын қарсыластың әрекеттерінен, диверсиялық актілерден немесе терроризм актілерінен қорғау, сондай-ақ төтенше немесе соғыс жағдайы режимдерін енгізу және қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі жүзеге асыратын іс-шаралар жиынтығы;

Аумақтық қорғаныстың телекоммуникациялар (байланыс) жүйесі –төтенше немесе соғыс жағдайы кезеңінде аумақтық қорғаныс әскерлерін басқаруды қамтамасыз ету үшін әкімшілік-аумақтық бірлік шегінде қолданылатын телекоммуникация желісінің ресурстарын пайдалануға бағытталған ұйымдық-техникалық іс-шаралар кешені;

Ауру бойынша қолайсыз пункт (қолайсыз пункт) - эпизоотия ошағы белгіленген аумақ;

Ауру жануар – жануардан немесе жануарды сою кезінде (лимфа түйіндерін және ішкі (паренхиматозды) органдарды зерттеу) немесе түсіктен алынған биологиялық (патологиялық) материалды серологиялық, бактериологиялық әдістермен немесе полимеразды-тізбектік реакциямен (бұдан әрі – ПТР) зерттеу нәтижесінде анықталған, ағзасында ауру қоздырғышы табылған жануар;

Ауызсу – сапасы бойынша белгіленген ұлттық стандарттарға және гигиеналық нормативтерге сай келетін, халықтың ауызсу және шаруашылық-ауызсу мұқтаждарына арналған табиғи күйіндегі немесе өңделгеннен кейінгі су;

Ауыз сумен жабдықтаудың баламасыз көздері - су тұтынушылар үшін ауыз сумен жабдықтаудың олардың ауыстырылуы мүмкін емес және мақсатқа сай келмейтін бірден-бір көздері;

Ауызсумен және (немесе) шаруашылық-ауызсумен жабдықтау – ауызсуды алуды, дайындауды, сақтауды, тасымалдауды және су тұтынушыларға беруді қамтамасыз ететін технологиялық процесс;

Аффект - — адам көңіл-күйінің кенеттен өзгеріп, әсерленуі (долдану, үрейлену, т.б.). Аффект кезінде оқыс қимыл-қозғалыстар (ерекше мимика, ым-ишара) жасалып, қатты дауыс шығады (айқайлау, жылау). Аффект ұзақ уақыт бойы бойын билеп алған адамның сыртқы түрі өзгеріп, жүйке ауруына шалдығуы мүмкін.

Аяқталмаған құрылыс - пайдалануға беру үшін тапсырысшы белгіленген тәртіппен қабылдамаған және мақсатына қарай (тұру, қызмет көрсету, өнім шығару, пайда алу және пайдаланудың басқа да түрлері) пайдаланылмайтын құрылыс объектісі;

-Ә-

Әкім-миісті әкімшілік -аумақтық бірліктің жергілікті атқарушы органын басқаратын лауазымды адам, Республика Президенті мен Үкіметінің өкілі болып табылады;

Әкімшілік-аумақтық бірліктің жұмылдыру жоспары – жұмылдыру тапсырмасын орындау үшін облыс, республикалық маңызы бар қала, астана, аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімдіктерінің іс-шараларды жүзеге асыру мазмұнын, көлемін, тәртібі мен мерзімдерін айқындайтын құжаттар жиынтығы;

Әкімшілік айыппұл –әкімшілік кодекстің баптарында көзделген жағдайларда және шекте әкімшілік құқық бұзушылық үшін салынатын, әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс қозғалған кезде қолданыста болған заңға сәйкес белгіленетін айлық есептік көрсеткіштің белгілі бір мөлшеріне сәйкес келетін мөлшерде ақша өндіріп алу;

Әлеуметтік сипаттағы төтенше жағдай – адам шығын-

дарына, денсаулыққа зиян келтіруге, елеулі мүліктік шығындарға немесе тұрғындардың тіршілік әрекеті жағдайының бұзылуына әкеп соғуы мүмкін немесе әкеп соққан әлеуметтік қатынастар саласындағы белгілі бір аумақта қайшылықтар мен жанжалдардың туындауымен байланысты төтенше жағдай;

Әлеуетті сәулелену – радиациялық авария нәтижесінде пайда болуы мүмкін сәулелену;

Әскери бөлім – Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, басқа да әскерлер мен әскери құралымдардың ұйымдық-дербес бірлігі болып табылатын, шартты және (немесе) нақты атау берілетін республикалық мемлекеттік мекеме;

Әскерлер түрі – өзіне ғана тән негізгі қаруы мен әскери техникасы, сондай-ақ оларды ұрысқа қолдану тәсілдері бар, Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің дербес не құрамдас бөлігінің құрамына кіретін түрі;

Әскери қақтығыс - мемлекеттер, халықтар, әлеуметтік топтар арасындағы қайшылықтарды мемлекетте соғыс жағдайы енгізілетін әскери күш қолданыла отырып шешу нысаны (бөлігінде немесе бүкіл аумағында);

Әсерлі мөлшер (радиация)- адам организмі мен оның жекелеген органдарының радиациялық сезімталдығын ескере отырып, олардың сәуле алуының кейіндегі зардаптарының пайда болу кәтерінің шамасы ретінде пайдаланылатын иондаушы сәулелендірудің сіңірілген энергиясының шамасы;

Әскери техника – жауынгерлік машиналар, әскери корабльдер (катерлер мен әскери-көмекші кемелер), әскери әуе кемелері, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері, басқа да әскерлер мен әскери құралымдар, Қазақстан Республикасының арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдары жарактандырылатын корабльдер (катерлер мен басқа да кемелер), әуе кемелері мен басқа да ұшу аппараттары;

Әскери-экономикалық оқу-жаттығулар – мемлекеттік органдарды, ұйымдарды, әкімшілік-аумақтық бірліктерді, халықты

және Қарулы Күштерді, басқа да әскерлер мен әскери құралымдарды, арнаулы мемлекеттік органдарды жұмылдыру, соғыс жағдайы кезеңінде және соғыс уақытында мемлекеттің жұмыс істеуіне даярлау нысаны;

Әуежайлық өрт автомобилі - ұшақтың апат орнына әскери есепті, өрт-техникалық жарақтарды жеткізуге және өрт ошағына өрт сөндіргіш құралдарды беруге арналған автомобиль;

-Б-

Бағыттаушы арқан – тыныс алуға (түтіндеген) жарамсыз ортада жұмыстарды жүргізу орнынан таза ауаға шығатын жерге дейін, ал қажет болған кезде кері қарай газ түтіннен қорғаушылардың жүру жолдарын белгілеуге арналған құрылғы;

Байланыс - ақпаратты, пошта және арнаулы жөнелтілімдерді, пошталық ақша аударымдарын қабылдау, жинау, өңдеу, жинақтау, беру (тасымалдау), жеткізу, тарату;

Байланыс арнасы - жиіліктер белдеуінде немесе осы байланыс арнасына тән беру жылдамдығымен телекоммуникация құралдары арасында сигнал беруді қамтамасыз ететін телекоммуникация құралдары мен тарату ортасының кешені. Байланыс түріне қарай арналар - телефон, телеграф, деректер беру арналары, ал аумақтық белгілері бойынша — халықаралық, қалааралық, аймақтық және жергілікті арналар болып бөлінеді;

Байланыс желісі - байланыс құралдары мен жолдарын қамтитын және телекоммуникацияларға немесе пошта байланысына арналған технологиялық жүйе;

Байланыс пен жарық беретін өрт автомобилі - өрт орнына байланыс және жарық беру құралдарымен жабдықталған жеке құрамды жеткізуге арналған автомобиль;

Байланыс қызметтері - пошта және арнаулы жөнелтілімдерді, пошталық ақша аударымдарын немесе телекоммуникация хабарламаларын қабылдау, өңдеу, сақтау, беру, тасымалдау, жеткізу жөніндегі қызмет;

Байланыс операторы – байланыс қызметтерін көрсететін және (немесе) байланыс желілерін пайдаланатын, Қазақстан Республикасының аумағында тіркелген жеке немесе заңды тұлға;

Байланыстың үстем операторы - Қазақстан Республикасының бәсекелестікті қорғау саласындағы заңнамасына сәйкес байланыс саласында үстем (монополиялық) жағдайға ие болып отырған байланыс операторы;

Бактерия – жасауша ядросы жоқ, қарапайым әдіспен бөлінетін, жасауша қабығы бар микроағза;

Бактериялар – көлемі 0,5 тен 10 мкм. аспайтын өсімдік әлеміндегі бір жасаушалы микроағза. Кейбір бактериялар өте қатты кебуге, қоректің жетіспеуіне, жоғары және төмен температураға және дезинфекцияға төзімді болып келеді. Бактерия сыныбына адамдарға қауіпті ауруға шалдықтыратын түрлері кіреді, мысалға оба, тырысқақ, сепкіл секілді жұқпалы аурулар;

Бақылау-өткізу пункті – адамдар мен көлік құралдарын бақылауды, өткізуді, тексеріп қарауды қамтамасыз етуге арналған арнайы жабдықталған орын;

Балық ресурстарын және басқа да су жануарларын мемлекеттік басқарудың бассейндік принципі – жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы уәкілетті орган әкімшілік-аумақтық бөлінісіне қарамастан қолданатын, балық ресурстарының және басқа да су жануарларының өсімін молайту мен өріс аудару ерекшеліктері ескерілген, балық шаруашылығы су айдындарындағы және (немесе) учаскелеріндегі балық ресурстарын және басқа да су жануарларын басқарудың біртұтас жүйесі;

Балық шаруашылығы су айдындарына және (немесе) учаскелерін паспорттау – балық шаруашылығы су айдындарын және (немесе) учаскелерін бекітіп бергенге дейін жүргізілетін, балық шаруашылығы су айдындарының және (немесе) учаскелерінің шекараларын, олардың алаңын, жай-күйін, балық ресурстарының және басқа да су жануарларының түрлік құрамын белгілеу жөніндегі іс-шаралар кешені;

Басқарудың бассейндік принципі - өзендердің, көлдердің және басқа да су объектілерінің бассейндері шегінде су ресурстарын әкімшілік-аумақтық бірліктер арасында бөлу кезінде іске асырылатын су қорын гидрографиялық белгілер бойынша басқару;

Бақылау аймағы - бұл радиациялық бақылау, адамдарды жіберу және тұру бойынша арнайы тәртіптер қолданылатын аумақ;

Байқау аймағы – радиациялық бақылау жүргізілетін санитариялық-қорғаныш аймағынан тыс аумақ;

Бақылау деңгейі (радиация) – қол жеткен радиациялық қауіпсіздік деңгейін бекіту, персонал мен халықтың сәулеленуін, қоршаған ортаның радиоактивті ластануын одан әрі төмендеуді қамтамасыз ету мақсатында жедел радиациялық бақылау үшін белгіленетін дозаның, доза қуатының, радиоактивті ластанудың және басқаларының бақыланатын шамасының мәні;

«Баршаның назарына!» құлақтандыру сигналы – төтенше жағдайлар қатері болған немесе болуы мүмкін кезде халықтың назарын аудару үшін дабылдамалар немесе басқа да дабыл беру құралдары арқылы берілетін құлақтандырудың бірыңғай сигналы.

Басқару пункттері – азаматтық қорғаудың басқару органдарын орналастыруға және олардың жұмысын қамтамасыз етуге арналған, техникалық құралдармен, тіршілікті қамтамасыз ету элементтерімен арнайы жабдықталған және жарақталған, мемлекеттік органдардың құрылыстары немесе көлік құралдары;

Бета-сәуле – ядролық айналу барысында шығатын, үздіксіз энергетикалық спектрлі электронды немесе корпускулярлы иондық сәуле. 1500 ден аса радиоактивті изотоптар кездеседі. Олардың көп мөлшері ядролық жарылыс кезінде және ядролық реактор жұмысы барысында пайда болады. Сыртқы сәулелену кезінде бета-сәуле адам ағзасының тек сыртқы қабатын ғана заппымдайды, ал изотоптар ішке түскенде сәуле дертін туғызады;

Беттік өрт сөндіру қондырғысы — жанып жатқан бетке қорғалған аймақтан әсер ететін өрт сөндіру құрылғысы;

Биобанк – ғылыми және медициналық мақсаттағы биологиялық материалдардың арнайы қоймасы;

Биогаз - қатты және сұйық күйдегі органикалық қалдықтардың метандық ашуы кезінде түзілетін жанғыш газ. Биогаз ағаш өңдеу, тамақ өнеркәсіптерінің қалдықтары ашығанда, ақаба суларда түзіледі. Оның құрамында 55 — 65% метан және 35 — 45% көмір қышқыл газы болады. Биогазды тез жетіліп, мол биомасса беретін балдырларды және басқа да микроорганизмдерді арнайы өсіріп, ашыту арқылы да алуға болады. Ол отын есебінде қолданылады;

Биологиялық авария - адамға тікелей немесе жанама әсері ауыр немесе созылмалы ауру туғызатын немесе олардың өліміне алып келетін, жануарлар мен өсімдік әлеміне қауіп төндіретін, қоршаған ортаға зардап тигізетін, қауіпті биологиялық заттардың төгілуінен болған апат;

Биологиялық ресурстар – экологиялық жүйелердің адамзат үшін нақты немесе ықтимал пайдасы немесе құндылығы бар генетикалық ресурстары, организмдері немесе олардың бөліктері, таралымдары немесе кез-келген басқа биотикалық құрамдас бөліктері;

Биологиялық қару (бактериологиялық қару) — адамдарды, жан-жануарларды ауыр дертке шалдықтыру арқылы қатардан шығаруға негізделген жаппай зақымдағыш қару. Биологиялық қарудың әскери жағынан жоғары тиімділігі індет тудырғыш дозасының шағындығы, үлкен аумаққа жасырын түрде қолдануға болатындығы, мөлшерін айқындау мен индикациялаудың қиындығы, әрекетінің таңдамалылығы (тек адамға, белгілі бір жан-жануар түрлеріне әсер етуі), психологиялық әсерінің күштілігі, әскер мен тұрғын халықты биологиялық қорғаудың және қолданғаннан кейінгі оның зиянды әсерін жою жөніндегі жұмыстар көлемінің ауқымдылығы әрі күрделілігі арқылы анықталады.

Биологиялық қауіпсіздік – адамдардың және табиғи орта компоненттерінің (жануарлар, өсімдіктер, су, топырақ, ауа) қауіпті

биологиялық факторлардан, оның ішінде биологиялық қорғау шараларымен қамтамасыз етілетін қорғалуының жай-күйі;

Биологиялық қалдықтар – жануарлардың өлімі, тірі организмдермен және биологиялық тіндермен (материалдармен) ветеринариялық практикалық және ғылыми қызмет пен эксперименттер нәтижесінде түзілген, сондай-ақ жануарларды өсіруді, дайындауды (союды), жануарларды, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізатты сақтауды, қайта өңдеу мен өткізуді жүзеге асыратын өндіріс объектілерінің, ветеринариялық препараттарды, жемшөп пен жемшөп қоспаларын өндіру, сақтау және өткізу жөніндегі ұйымдардың қызметі процесінде пайда болатын материалдар, заттар, малдан, өсімдіктерден және минералдардан қалған қалдықтар (жануарлардың өлекселері, абортталған және өлі туған төлдер, ветеринариялық конфискаттар, жемшөп қалдықтары);

Биологиялық қорғау – патогенді биологиялық агенттерді физикалық қорғауды, бақылау мен есепке алуды, олардың жоғалуын, ұрлануын, рұқсат етілмеген қолжетімділігін немесе олардың айналысын, сондай-ақ оларды пайдалана отырып немесе ықтимал қауіпті биологиялық объектілерге қатысты терроризм актілерін, диверсияларды болдырмау жөніндегі шаралар қолдануды қоса алғанда, оларды заңсыз пайдаланудан қорғауды қамтамасыз ету жөніндегі шаралар кешені (ұйымдастырушылық іс-шаралар, инженерлік-техникалық құралдар және оларды қорғау жөніндегі іс-қимылдар жиынтығы);

Биологиялық тәуекел – салдарының ауырлығын ескере отырып, патогенді биологиялық агенттердің әсер етуі нәтижесінде адамдар мен табиғи орта компоненттеріне (жануарлар, өсімдіктер, су, топырақ, ауа) зиян келтіру ықтималдығы;

Биологиялық қауіпті заттар – белгілі бір жағдайларда және белгілі бір шоғырлануы кезінде адамның немесе болашақ ұрпақтың денсаулығына зиянды әсер ететін, қолданылуы мен пайдаланылуы (халықтың санитариялық-эпидемиологиялық са-

лауаттылығы саласындағы) нормативтік құқықтық актілермен және гигиеналық нормативтермен регламенттелетін заттар;

Бірлескен су биологиялық ресурстары – басқаруды Каспий теңізінің жағалауында орналасқан мемлекеттер бірлесіп жүзеге асыратын су биологиялық ресурстары;

Босқын - нәсілдік, ұлттық, діни сенімі, азаматтық белгісі, белгілі бір әлеуметтік топқа жататындығы немесе саяси нанымы бойынша қудалаудың құрбаны болу қаупінің негізділігіне орай өзі азаматы болып табылатын елден тыс жерде жүрген және өз елінің қорғауын пайдалана алмайтын немесе осындай қауіп салдарынан мұндай қорғауды пайдаланғысы келмейтін шетелдік немесе осындай қауіп салдарынан еліне қайтып орала алмайтын немесе қайтып оралғысы келмейтін, өзі тұрақты тұратын немесе өзі азаматы болып табылатын елден тыс жерде жүрген азаматтығы жоқ адам;

Бофорт шкаласы — желдің жылдамдығын балдар арқылы көрсетуге көмек беретін шартты шкалалар. Шкаладағы нөл — желсіз тымырсық уақытты, 9 балл теңіз дауылын, ал 12 балл — апатты дауылды көрсетеді. 1 мен 9 балдың арасындағы әрбір балл желдің м/сек.-пен өлшенетін жылдамдығының шамамен екі еселенгеніне тең болады. 1806 жылы Ф. Бофорт ұсынған.

Бөгет – судың деңгейін көтеру және (немесе) су қоймасын жасау үшін ағын судағы тежеуіш гидротехникалық құрылыс;

Бөгеттің қауіпсіздігі – бөгеттің апаттық бұзылудан қорғалу жай-күйі;

Бөгеттің қауіпсіздігі – бөгеттің апаттық бұзылудан қорғалу жай-күйі;

"Б" сыныбындағы медициналық қалдықтар – эпидемиологиялық қауіпті медициналық қалдықтар (инфекцияланған және әлеуетті инфекцияланған қалдықтар). Қанмен және басқа да биологиялық сұйықтықтармен ластанған материалдар және аспаптар, заттар.

Бөгет – судың деңгейін көтеру және (немесе) су қоймасын жасау үшін ағын судағы тежеуіш гидротехникалық құрылыс;

Булы өрт сөндіру қондырғысы - онда өрт сөндіруші зат ретінде су буы пайдаланылатын өрт сөндіру құрылғысы;

Бықсу – жалынсыз жану;

Бірыңғай кезекші-диспетчерлік "112" қызметі – төтенше жағдайдың туындау алғышарттары немесе туындауы, өрт, адамдардың өміріне төнген қатер мен денсаулығына зиян келтіру қатері туралы және өз құзыреті шегінде шұғыл қызметтердің ден қою жөніндегі іс-қимылдарын кейіннен үйлестіре отырып шұғыл көмек шараларын қолдануды қажет ететін өзге де жағдайлар туралы жеке және заңды тұлғалардан келіп түсетін хабарламаларды қабылдау және өңдеу қызметі;

Бьеф - өзендегі көршілес екі бөгеттің арасындағы өзен учаскесі немесе екі шлюздің арасындағы канал учаскесі, мұнда бөгеттің жоғарғы бьеф - өзеннің тірек құрылысынан (бөгеттен, шлюзден) жоғары бөлігі, ал төменгі бьеф-өзеннің тірек құрылысынан төмен бөлігі;

Бюджет - мемлекеттің өз міндеттері мен функцияларын іске асыруды қаржылық қамтамасыз етуге арналған орталықтандырылған ақша қоры;

-В-

Вакуумды өрт сорғысы - сорғылық қондырғы қуысында босауды және сорғы желісін өрт машиналарының ашық су көздерінен жұмыс істегені жағдайда оларды сумен толтыруға арналған сорғы;

Вакцина - микроорганизмдерден (бактерия, вирус, т.б.) алынып, адам мен жануарлар организміне жұқпалы аурулардан алдын ала сақтану және олардың иммундық қасиетін арттыру үшін егілетін препараттар;

"В" сыныбындағы медициналық қалдықтар - төтенше эпидемиологиялық қауіпті медициналық қалдықтар (аса қауіпті және карантиндік инфекциялық аурулармен ауыратын науқастармен жанасқан, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық са-

ламаттылығы саласында төтенше жағдайлардың пайда болуына алып келуі мүмкін және аумақты санитариялық қорғау бойынша іс-шараларды жүргізуді талап ететін материалдар.

Ветеринариялық бақылау бекеті – уәкілетті орган ведомствосының шекара және кеден пункттері (Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік шекарасымен тұспа-тұс келетін Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы арқылы өткізу пункттері) аумағында, сондай-ақ автомобиль қатынасы шегінде Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік шекарасы арқылы тауарларды өткізудің өзге де орындарында және уәкілетті орган айқындаған өзге де орындарда орналасқан, қажетті жабдықпен және аспаптармен жарақтандырылған, өткізілетін (тасымалданатын) объектілерге мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау мен қадағалауды және (немесе) өткізілетін (тасымалданатын) объектілердің әкелінуі, транзиті туралы алдын ала ақпаратты қабылдауды жүзеге асыратын бөлімшесі;

Ветеринариялық паспорт – электрондық құжат түрінде берілетін, уәкілетті орган белгілеген нысандағы құжат, онда: жануарларды есепке алу мақсатында жануардың иесі, түрі, жынысы, түсі, жасы (туған күні), жеке нөмірі көрсетіледі;

Ветеринариялық пункт – ветеринария саласындағы қызметті жүзеге асыру үшін облыстың жергілікті атқарушы органдары құрған, аудандық маңызы бар қалада, кентте, ауылдық округте орналасқан мемлекеттік ветеринариялық ұйымның оқшау бөлімшесі;

Ветеринариялық-санитариялық қауіпсіздік - жануарлардың саулығы, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізаттың тағамдық қауіпсіздігі, аумақтың ветеринариялық-санитариялық салауаттылығы, халықты жануарлар мен адамға ортақ аурулардан қорғау, сондай-ақ мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау және қадағалау объектілерінің Қазақстан Республикасының ветеринария саласындағы заңнамасының талаптарына

сәйкестігі қамтамасыз етілетін мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау және қадағалау объектілерінің жай-күйі;

Вирустар - тірі организмдердің ішіндегі жасушасыз тіршілік иесі. Олар рибонуклеин қышқылынан немесе дезоксирибонуклеин қышқылынан құралған нуклеопротеидтерден, сондай-ақ ферментті нәруызбен қапталған қабықшадан – кабсидтерден тұрады. Вирустар тірі организмдердің барлығын уландырады. Қазіргі кезде вирустардың жылы қанды омыртқалыларды уландыратын 500-дей, ал өсімдіктерді уландыратын 300-ден астам түрі белгілі болып отыр. Вирустардың биологиясы, теориялық және практикалық зерттеу арқылы анықталады;

-Г-

Газбен жабдықтау жүйелері объектілерінің күзет аймағы – пайдаланудың қауіпсіз жағдайларын қамтамасыз ету және оларды зақымдау мүмкіндігін болдырмау мақсатында газбен жабдықтау жүйелері объектілерінің айналасына орнатылатын айрықша пайдалану жағдайындағы аумақ;

Газбен өшіретін өрт автомобилі - өрт орнына әскери есепті, газды өрт сөндіретін құрамды жеткізуге және газды өрт сөндіргіш құрамды өрт ошағына беруге арналған автомобиль;

Газды өрт сөндіру қондырғысы - газды өрт сөндіргіш құрамды автоматты түрде шығару есебінен өрт ошағын сөндіруге арналған орнықты өрт сөндіргіш техникалық құралдар жиынтығы;

Газ жабдығы – газ құбырларының құрамдас элементтері ретінде пайдаланылатын, толықтай зауытта дайындалатын техникалық бұйымдар (компенсаторлар, конденсат жинақтары, сақтандыру-ығыстыру арматурасы, құбыржолдық бекітпе арматура), сондай-ақ газ пайдаланушы қондырғылар (газ аспаптары, пештері мен плиталары);

Газ құбыры – бекітпе арматурасы бар, бір-бірімен қосылған құбырлардан тұратын және газ тәріздес немесе екі фазалық күйдегі газды тасымалдауға арналған құрылыс;

Газ-сумен өшіруге арналған өрт автомобилі - өрт орнына әскери есепті, газ-сулы ортаны құруға арналған құралдарды жеткізуге, жанып жатқан объектілерді газ-сулы ағынмен өшіру және салқындатуға арналған автомобиль;

Газ-түтіннен қорғау қызметінің өрт автомобилі - өрт орнына әскери есепті және арнайы жабдықты жеткізуге, тыныс алуға жарамсыз ортада жұмыс істеу, құтқару жұмыстарын жүргізу шарттарын қамтамасыз етуге арналған автомобиль;

Газ-түтіннен қорғаушы – тиісті оқытудан өткен және тыныс алуға жарамсыз ортада өрт сөндіру және авариялық-құтқару жұмыстарын жүргізу бойынша іс-қимылдарды жүргізуге рұқсат етілген өртке қарсы қызмет қызметкері;

Газ-түтіннен қорғау қызметі буыны – қойылған міндеттері мен тыныс алуға жарамсыз ортада өрт сөндіру мен авариялық-құтқару жұмыстарын жүргізу бойынша іс-қимылдарды жүргізу үшін бірыңғай басшылығы біріктірілген, өрт болған орында қалыптасқан газ-түтіннен қорғаушылар тобы;

Геологиялық қауіпті құбылыс – геологиялық сипаттағы оқиға немесе қызметінің нәтижесі адамдардың, ауыл шаруашылығы жануарлары мен өсімдіктерге, экономика объектілері мен қоршаған табиғи ортаға зақымдаушы әсер тудыратын немесе тудыруы мүмкін, жер қыртысында табиғи немесе геодинамикалық факторлардың немесе олардың үйлесімі әсерінен пайда болатын геологиялық процестер қызметінің нәтижесі;

Геофизикалық құбылыс – геофизикалық сипаттағы оқиға немесе зақымдаушы үйлесімі тұрғындарға, ауыл шаруашылығы жануарлары мен өсімдіктерге, экономика объектілері мен қоршаған табиғи ортаға зақымдаушы әсер тудырайтын немесе тудындауы мүмкін, әр түрлі геофизикалық факторлардың әсерінен немесе олардың үйлесімінен тудыдайтын жердің литосферасындағы, гидросферасындағы, атмосферасындағы процестер нәтижесі;

Гидромелиорациялық жүйе - жерді суаруға, суландыруға

және құрғатуға арналған технологиялық жағынан өзара байланысты гидротехникалық құрылыстар, құрылғылар мен жабдықтар кешені;

Гидромелиорациялық іс-шаралар – гидромелиорациялық жүйелер, сондай-ақ жеке орналасқан гидротехникалық құрылыстар көмегімен топырақтың су режимін реттеу;

Гидротехникалық құрылыстар - су ресурстарын басқару, су пайдаланушыларға су беру, сумен жабдықтау және су бұру, судың зиянды әсерінің алдын алу үшін пайдаланылатын инженерлік құрылыстар;

Гидромелиорациялық жүйе - жерді суаруға, суландыруға және құрғатуға арналған технологиялық өзара байланысты гидротехникалық құрылыстар, құрылғылар мен жабдықтар кешені;

Гидродинамикалық авария - гидротехникалық құрылыстағы судың үлкен жылдамдықпен таралуымен байланысты және техногенді төтенше жағдайдың туындау қаупін тудыратын авария;

Гидромелиорациялық іс-шаралар – гидромелиорациялық жүйелер, сондай-ақ жеке орналасқан гидротехникалық құрылыстар көмегімен топырақтың су режимін реттеу;

Гидротехникалық құрылыстар - су ресурстарын басқару, су пайдаланушыларға су беру, сумен жабдықтау және су бұру, судың зиянды әсерінің алдын алу үшін пайдаланылатын инженерлік құрылыстар;

Гидротехникалық құрылыстың қауіпсіздік декларациясы - гидротехникалық құрылыстың қауіпсіздігі негізделген құжат, гидротехникалық құрылыстың қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін, оның сыныбы мен шаралар кешенін ескере отырып, апаттардың алдын алу мақсатында шаруашылық қызмет субъектісі қабылдаған, сондай-ақ оқшаулануды қамтамасыз ету, апаттар мен олардың зардаптарын жою шаралары анықталады;

Гидротехникалық құрылыстағы авария қаупінің жол берілетін деңгейі - нормативтік құжаттарда белгіленген гидротехникалық құрылыстың авария қаупінің мәні;

Гидротехникалық құрылыстың қауіпсіздік критерилері - гидротехникалық құрылыстың авария қаупінің жол берілетін деңгейіне сәйкес келетін гидротехникалық құрылыстың жай-күйі мен оны пайдалану шарттарының сандық және сапалық көрсеткіштерінің шекті мәндері;

Гидротехникалық құрылыстың қауіпсіздігі – адамдардың өмірін, денсаулығын, адамдардың заңды қызығушылығы, қоршаған ортаны және шаруашылық объектілерін қорғауды қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін гидротехникалық құрылыстың қасиеті;

Гидроциан қышқылы - түссіз, оңай қозғалатын сұйықтық, сулы ерітінділерде ащы бадамның иісі бар, өте күшті улану. Су-сыз гидроциан қышқылы қателердің иісін сезеді. Ол суда, эфирде, алкогольде жақсы ериді. Дезинфекция, кеміргіштермен күресу, цитрус және басқа да жеміс ағаштарын фумигациялау үшін қолданылады. Адамдар үшін өлім дозасы 0,05-0,06 г болып саналады.

"Г" сыныбындағы медициналық қалдықтар - токсикологиялық қауіпті медициналық қалдықтар (пайдалануға жатпайтын дәрілік, оның ішінде цитостатиктер, диагностикалық, дезинфекциялау құралдары. Құрамында сынап бар заттар, аспаптар мен жабдықтар. Фармацевтикалық өндірістердің шикізаттары мен өнімдерінің қалдықтары. Жабдықты, көлікті, жарықтандыру жүйелерін пайдалану қалдықтары);

ГРИНПИС - Батыс Еуропа мен Америкадағы қоршаған ортаны қорғаушылардың халықаралық қоғамдық ұйымы; 1971 жылы Канадада құрылған, 25 елде филиалдары бар. ГРИНПИС ядролық сынақтар мен радиациялық қауіптерге, қоршаған ортаның өнеркәсіптік қалдықтармен ластануына қарсы күреседі, жануарлар әлемін, теңіздерді және т. б. қорғайды.

-Г-

Ғимарат - адамдардың тұруына немесе ішінде болуына, өндірістік процестерді орындауға, сондай-ақ материалдық құндылықтарды орналастыруға және сақтауға пайдаланылатын

функционалдық мақсатына қарай, міндетті түрде жер бетіне салынып, тұйық көлемді құрайтын, тіреу және қоршау конструкцияларынан тұратын жасанды құрылыс. Ғимараттың жер асты бөлігі болады;

Ғимарат - табиғи немесе жасанды кеңістік шекаралары бар және өндірістік процестерді орындауға, материалдық құндылықтарды орналастыруға және сақтауға немесе адамдарды, жүктерді уақытша орналастыруға (орын ауыстыруға), сондай-ақ жабдықтарды немесе коммуникацияларды орналастыруға (төсеуге, жүргізуге) арналған жасанды жасалған ауқымды, тегістікті немесе желілік объект (жер үсті, су беті және (немесе) жер асты, су асты). Ғимарат көркемдік-эстетикалық, әшекей-қолданбалы не мемориалдық мақсатта да болуы мүмкін;

Ғимараттың биіктігі (эвакуациялау және құтқару үшін) – ғимаратқа жақын өту жолының өту бөлігінің қабатынан бастап жердің жоспарлы белгілеу деңгейінің және жоғарғы техникалық қабатты (қабаттарды) санамағандағы жоғарғы қабаттың (мансард қабатын қоса алғанда) еденінің деңгейіне дейінгі белгілеулердің айырымы. Еңісі бар немесе бірнеше өту жолдары бар жер учаскелерінде орналасқан ғимараттың биіктігі жоспарлы белгілеуінің төменгі деңгейінің немесе өту жолының төменгі деңгейінің және жоғары қабаттың едені деңгейінің белгілеулерінің айырымымен анықталады.

Қазіргі заманғы азаматтық қорғаныс

«ШЕТЕЛ ТӘЖІРИБЕСІ. НАТО ЕЛДЕРІНДЕГІ АЗАМАТТЫҚ ҚОРҒАНЫС»

Редакциядан: АҚ бойынша семинар-тренинг тыңдаушылар сабақ барысында мынандай сұрақтар қояды: Басқа мемлекеттерде азаматтық қорғаныс іс-шаралары қалай ұйымдастырылып, жүргізіледі? Бұл елдерде АҚ жүйесінің мақсаттары мен міндеттері қандай? АҚ іс-шараларын ұйымдастыруда шетелдің қазақстандық үлгіден қандай өзгешеліктері бар?

Журналдың №1 санында біз көпшіліктің назарына «Шетелдік әскери шолу» журналының 2012 жылғы №5 санында жарияланған НАТО елдеріндегі АҚ-ның ерекшеліктері туралы мақаланы ұсынып отырмыз.

НАТО-ның әскери-саяси басшылығы азаматтық қорғанысты (АҚ) халықты түрлі төтенше жағдайлардан және қарсыластың жаппай қырып-жоятын қаруынан қорғаудың бөлінбес бөлшегі ретінде қарастырады. АҚ-ның басты міндеті - соғыс уақыттағы әскери-саяси жағдайлар туындаған кезде мемлекеттік басқаруға қажетті күштер мен құралдарды құру, олады дайындықта ұстау, халық пен экономиканың маңызды секторын қарсыластың шабуылына қорғау болып табылады.

Соңғы онжылдықта АҚ-



Енсебаев Б.К. -
АҚ РОӘО директорының
орынбасары



ның күштері мен құралдарын бейбіт өмірдегі міндеттерді орындауға қолдану үрдісі кең етек алып келеді. Ол міндеттер – табиғи зіл-залалардың зардаптарын жою, сондай-ақ ірі өндірістік авариялар мен апаттардан халық пен аумақты қорғау. Себебі соңғы жылдары халықаралық жағдай біршама тұрақталды, сондай-ақ табиғи апаттар мен өндірістік авариялардың саны артып келеді. Атап айтар болсақ өндірісте қауіпті химиялық заттар кең қолданыла бастады.



Блокқа кіретін жекелеген елдерде соғыс уақытында қолданылатын **АҚ-ның күштері мен құралдарының көлемі азайып келеді, панаханаларды салу қарқыны да бәсеңдеген.** Дегенмен де Ливиядағы дағдарыс, сондай-ақ әлемнің әр жерінде орын алған қарулы қақтығыстар жағдайды шиеленістіре бастады, тисінше Ақ саласындағы іс-шараларға да кері әсерін тигізе бастады.

Альянс аясында АҚ-ның бірегей жүйесі қалыптаспаған. Барлық іс-шаралар мемлекеттік негізде жүзеге асады, оны АҚ комитеті үйлестіреді. **Ол НАТО-ның азаматтық қорғаныс саласында жоспарлаудың Бас комитетінің құрамына кіреді.** Үйлестіру жұмысы АҚ-ны ғана қамтымайды, ол экономиканың жұмылдыру мәселелерін де қарастырады. Бұл ретте АҚ бағынышты рөлде болады.

АҚ комитеті хатшылық пен үш жұмыс тобынан тұрады:


- 1) халықты құлақтандыру тобы;
- 2) панахалар құрылысын жүргізу тобы;
- 3) эвакуация мен босқындар ісі тобы.

НАТО елдерінің барлығына ортақ мәселелерді қарастырғанда АҚ комитеті ықтимал қарсыластың маңызды әскери-экономикалық орталықтарға жаппай қырып-жоятын қаруларды қол-

дануынан туындаған зардаптарды жоюға басты назар аударады.

Жұмыс тобының НАТО елдеріне арналған әдістемелері мынаған келіп саяды:

- құлақтандырудың мемлекеттік жүйесін үнемі дайындықта ұстау, оны тұрақты жетілдіру, оны ядролық шабуыл мен радиациялық зазалдың қаупі туралы хабарлауға дайын ету;



➤ радиациялық барлау мен дозиметрлік бақылауды мейлінше көптеп құру, әсіресе халық көп шоғырланған елді-мекендерде;

➤ радиациялық барлау мен дозиметрлік бақылау постарын заманауи байланыс құралдары мен радиациялық мониторинг аспап-

тармен қамтамасыз ету;

➤ стационарлы радиациялық барлау мен дозиметрлік бақылау постарына радиоактивті сәулеленудің мөлшерін 100 есеге дейін азайтатын панаханалар салу;

➤ жеке құрамның дайындығын үнемі жетілдіру;

➤ постар мен құлақтандыру жүйесінің жоғары жауынгерлік дайындығын қамтамасыз ету мақсатында ұлттық және жергілікті деңгейде тұрақты түрде оқу-жаттығулар өткізу.

Жұмыс тобы радиоактивті жауын жауу қаупі туралы халықты құлақтандырудың НАТО елдеріне ортақ бірегей жүйесін жасауды қарастырады. НАТО елдері арасында метеорологиялық ақпар алмасу осы жү-



мыстың алғашқы нәтижесі болып табылады. Мұнда атмосфераның жоғарғы қабатындағы желдің бағыты мен жылдамдығы туралы хабар сөз болады.

Панаханалар бойынша жұмыс тобының ұсыныстары мынандай:

➤ альянсқа кіретін барлық мемлекеттерде халықты радиациядан қорғауға арналған ұлттық бағдарламалар жасау;

➤ панахагалар салуға бағытталған көпжылдық



бағдарламаларды қаржыландыру, сондай-ақ жекелеген ірі әкімшілік ғимараттар мен өнеркәсіп орындарында панаханаларды салуды міндеттеу;

➤ жеке панаханалар салатындарға қолдау ретінде қаржылау көмек беру.

Эвакуация мен босқындар ісі бойынша жұмыс тобы ядролық соққы беру алдында халықты алдын ала белгіленген жерге көшіріп, оларды орналастыру бойынша ұсыныстар әзірлейді. Осы жұмыс тобы төтенше жағдай кезінде босқындар ісі жөніндегі арнайы агенттік туралы ереже жасаған, бұл ұйым НАТО-ның әскери және азаматтық органдарымен бірлесіп көшіруді үйлестіреді.

НАТО-ны бейбіт өмірден соғыс жағдайына көшіру барысында «соғыс уақытындағы азаматтық орган» туралы жоспар жасалған, оған альянстың біріккен күштерін азаматтық сектор мүддесі аясында үлестіру жүктелген. Жоспарланған бұл органдар бейбіт өмірде аранайы дайындықтан өтеді және азаматтық қорғаныс саласы бойынша оқу-жаттығуларға қатыстырылады.



Қазіргі таңда НАТО елдерінде АҚ-ның мемлекеттік жүйелері құрылып, жұмыс істеп жатыр. Оның құрамына басқару органы, күштер мен құралдар кіреді. Жүйенің құрамы мынандай: 1) басқару органы; 2) байланыс, құлақтандыру, радиациялық барлау мен дозиметрлік бақылау; 3) панаханалар жүйесі, азық-түлік, шикізат мен материалдар қоры; 4) күштер мен құралдар, оның ішінде штаттық және еріктілер.



НАТО елдерінің азаматтық қорғаныстың мемлекеттік жүйелері ұқсас, болашақта жетіле түседі, бір қалыпқа түседі. Ортақ басшылықты әдетте азаматтық қорғаныс басқармалары құрылған ішкі істер министрліктері жүргізеді. Алайда кейбір елді басқаша, мысалға **АҚШ-та Азаматтық қорғаныс органы президентке**, Канадада федералды үкіметке, Норвегияда әділет пен полиция министрлігіне, Польшада премьер-министрге, Чехияда қорғаныс министріне **бағынышты**.

Елдің ерекшеліктеріне қарай азаматтық қорғаныс басқармаларына мынандай негізгі міндеттерді ұйымдастырып, үйлестіріп жүргізу жүктелген:

- 1) құтқару жұмыстарын жүргізу, жаралыларды эвакуациялау;
- 2) кезек күттірмейтін жәрдем көрсету;
- 3) баспанасыз қалғандары қабылдап, орналастыру;
- 4) өрттердің, өнеркәсіп пен транспорттағы авариялардың алдын алу (ның ішінде радиоактивті және химиялық заттардың төгілуі);
- 5) өрттерді сөндіру (орман өрттерін де);
- 6) табиғи зілзалалар, авариялар мен апаттардың зардаптарын жою (дегазация мен дезактивация жүргізу, өзен-көлдерді төгілген мұнай өнімдері мен қауіпті химиялық заттардан тазалау);

7) панахана ретінде пайдалануға жарамды ғимараттарды анықтап, оларды есепке алу;

8) АҚ құралымдары даярлау;

9) байланыс, құлақтандыру, радиациялық барлау мен дозиметрлік бақылау жүйелерін жетілдіру;

10) АҚ басшылық құрамы мен мамандарын дайындықтан өткізу;

11) Халықты АҚ бойынша оқыту;

12) Қызметтер мен құралымдарды керек-жарақпен жабдықтау;

13) АҚ мәселелері бойынша ғылыми зерттеу жүргізу.

НАТО елдерінде АҚ күштеріне орталыққа бағынышты, жергілікті және өзін өзі қорғау құралымдары кіреді. Орталыққа бағынышты құралымдар түрлі мақсаттағы жылжымалы колонналар болып табылады, олар қажет болғанда корпусқа біріктіріледі. Олардың басты мақсаты - жаппай қырып-жоятын қару қолданғандың зардаптарын жою, вариялық-құтқару жұмыстарын жүргізу, сондай-ақ ТЖ ошағында жедел білікті жәрдем көрсету. Бұл құралымдардың ерекшелігі олардың көп мақсаттылығы, яғни оның құрамында авариялық-құтқару, қалыпқа келтіру, үйінділерді аршу, алғашқы медициналық көмек көрсету, өрт сөндіру секілді командалар бар. Олардың басқаларға қарағанда дайындық деңгейі артық және атом электрстанциясындағы және басқа да ядорлық, химиялық нысандардағы аварияларды жоюға арналған арнайы техникалық жабдықтары бар.



Бейбіт өмірде колонналар қысқартылған штатта жұмыс істейді, оның құрамында командалар мен нұсқаушылар ғана болады.

Көптеген елдерде олардың тұрақты орны бар, қатер төнгенде сол жерге дабыл бойынша жиналады, сол жердегі оқу орталықтарында жергілікті азаматтық қорғаныс құралымдары дайындықтан өтеді.

Жылжымалы колонналарды негізінен ірі қалалар мен өнеркәсіп орталықтарында төтенше жағдайда қолдану көзделген. **Олардың жеке құрамы әскерге шақырылған срабаздар есебінен толықтырылады.** Мұндай жүйе АҚ қызметтер алдын ала білікті мамандармен толықтырып отыруға мүмкіндік береді.



Өңірлік құралымдарға маңызды өнеркәсібі көп қалалар мен ірі елді мекендерде құрылған түрлі азаматтық қорғаныс қызметтерінің жасақтары кіреді. Орталық бағыныштағы құралымдардан өзгешілігі оларды тұрғылықты жерде, әдетте құрылған ұйымда қолданылады.

Жергілікті құралымдар барлық қалалар мен елді-мекендердегі түрлі қызметтердің көптеген бөлімшелерінен тұрады. Өзін өзі қорғайтын бөлімшелер НАТО елдерінде АҚ-ның жергілікті құралымдарына кіріп, оны толықтырады.

НАТО-ның көптеген елдерінде азаматтық қорғаныс бойынша заңнамалар қолданыстағы ғимараттардың, сондай-ақ салынып жатқан үй-жайлардың жергілікті жергілікті панахана ретінде қолдануды ұсынады. Сонымен бірге бұл ұсыныстардың барлығы да жеке тұлғаларға мемлекет тарапынан берілетін субсидия мен дотацияға байланысты.



НАТО елдерінде адамдарды қауіпті аумақтан көшіруді ұйымдастыру халықты қорғаудың бір тәсілі ретінде қарастырылады, оны алдын ала жоспарлайды. Бұл ретте халықты эвакуациялау көшіретін жердің көлеміне, ондағы халықтың тығыздығы, жол қатынасы, көлік құралдарының саны секілді факторлар ескеріледі.

Ядролық соғыс жағдайында Европа елдерінде НАТО басшылығының бағалауы бойынша реттеуге көнбейтін бейберекет босқындардың ағыны пайда болуы мүмкін, ол әскерилердің жүрі-тұруына және оларды қамтамасыз етуге кедергі болады. Осыны болдырмау үшін әскери блокқа кіретін мемлекеттердің үкіметі босқындар легін мейлінше азайтып, олардың қозғалысын реттеуді, көмек көрсетуді қарастыруда. Осы мақсатта босқындарды қабылдап, орналастыру бойынша көрші мемлекеттермен екі жақты келісімдер жасалған.

Әскери блокқа қатысушылардың азаматтық қорғаныс бойынша жүргізіп жатқан жұмыстарында құлақтандыру мен байланыс мәселелеріне де көп көңіл бөлінеді. НАТО елдерінің құлақтандыру мен байланыс жүйелерінің басты міндеттері мынандай:

- Халықты әуе шабуылы мен радиациялық ластану қаупі туралы ескерту;
- ядролық жарылыстар туралы мәліметтерді жинау;
- азаматтық органдар, кейбір НАТО елдерінде әскерилерді де ядролық жарылыстың сипаты, радиациялық бұлттардың қозғалысы, радиациялық ластану деңгейі туралы хабартар ету.

НАТО-да бір бірімен байланысқан бірегей құлақтандыру жүйесі жоқ. Дегенмен де бұл елдерде құлақтандыру жүйесі жақсы жетілген. Осы жүйені дамытып, жетілдіру мемлекеттік деңгейде жүзеге асады, оған АҚ комитеті басшылық жасайды. Қолданыстағы құлақтандыру жүйесіне кіретіндер: ұлттық және өңірлік (округ, штат, провинция) құлақтандыру орталықтары, сондай-ақ құлақтандыру пункттері мен постары.

Құлақтандыру орталықтары ядролық жарылысқа төтеп бе-

ретін жерасты панаханаларында орналасқан, олар ірі қалалардың сыртынан орын тепкен.

Құлақтандыру пункттері мен постары күндіз-түні жұмыс істейтін мемлекеттік мекемелерді орналастырылады (полиция бөлімшелері, өрт сөндіру деполары, жергілікті



байланыс тораптарында). Алғашқы ақпаратты ұлттық құлақтандыру орталықтары НАТО-ның әуе қорғаныс күштерінен алады.

НАТО елдерінде халықты қазіргі заманғы қырып-жоятын қарулардан қорғаудағы жалпы жүйеде радиациялық барлау мен дозиметрлік бақылау қызметін құру негізі міндет болып табылады. Мұндай қызметтерді құру ядролық соғыстың қаупі болғандықтан ғана емес, сондай-ақ радиациялық қауіпті нысандардағы ықтимал авариялардың қатерінен де туындаған.

Блоктың көптеген елдерінде радиациялық барлау мен дозиметрлік бақылау қызметін құрылған, олар үнемі жетілдіріліп отырады, оған стационарлық және жылжымалы постар кіреді, ал кейбір мемлекеттерде тіпті әуе радиациялық барлау құралдары бар.

НАТО-да өнеркәсіпте азаматтық қорғанысты ұйымдастыруға көп көңіл бөлінеді. АҚ комитеті 30 адамнан артық жұмысшысы бар барлық кәсіпорындарда АҚ ұйымдастыру ұсынылады.

Бейбіт өмірде өнеркәсіп орындарында мынандай АҚ қызметтері құрылған: өрт сөндіру, авариялық-құтқару, алғашқы медициналық көмек, құлақтандыру, радиациялық барлау мен дозиметрлік бақылау. АҚ комитетінің ұсынысы бойынша 500-ден 5000 дейін жұмыскері бар кәсіпорында соғыс жағдайында азаматтық қорғаныс құралымының саны жұмыс істейтірдердің 8-10% құрауы тиіс. Ал бейбіт өмірде бұл көрсеткіш 2-3% төмендейді. 10

мыңнан асатын жұмыскері бар ірі зауыттарда азаматтық қорғаныс құралымының жеке бөлімін құру ұсынылады.

Алдағы уақытта азаматтық қорғаныс одан әрі жетіле түседі, мұнда әр елдің ұлттық ерекшеліктері мен орын алған халықаралық жағдай ескеріледі. Азаматтық қорғаныстың құрылымында жергілікті АҚ органдарына өз бетімен дамуынан еркіндік беріледі, әсіресе қарсылас жаппай қырып-жоятын қаруларды қолданғанда немесе ірі өндіріс апаттары болған кезде.

Туындап отырған үрдіске сәйкес соғыс уақытында қолданылатын АҚ құралымдарының саны бейбіт өмірде қысқарып келеді, дегенмен де оларды заманауи техникалық құралдармен жабдықтау жақсара түседі. Мұндай құралымдарды табиғи зіл-зала, радиациялық және химиялық қауіпті нысандардағы апаттарды зардаптарын жоюға қатыстыру үшін дайындай бастаған.

Басқару, құлақтандыру мен байланыс, радиациялық барлау мен дозиметрлік бақылау жүйелері болашақта жетіле түсиді, оларды озық үлгідегі техникалық жарақтануға көп көңіл бөлінеді. Мысалға, ақпараттарды автوماتты түрде өндеп, тарататын құралдармен күшейту, НАТО елдерінде құлақтандыру жүйесіне қуатты электрлі және пневматикалы дабыл беретін сиреналарды енгізу.



«СҰРАҚТАР МЕН ЖАУАПТАР»

5 жылдың жүзі болды біз журналымыздың *«Сұрақтар мен жауаптар»* атты айдарында журналдың оқырмандарының назарына азаматтық қорғаныс санатына жатқызылған объектілерге тән семинар тыңдаушыларының азаматтық қорғаныс бойынша сұрақтарды ұсынып келеміз.

Журналдың 2022 жылғы №1 санында семинар тыңдаушыларының үш сұрағын ұсынамыз. Сонымен бұл сұрақтардың сипаты мен мазмұны мынандай.

№1 сұрақ: Маңғыстау облысы Ақтау қаласындағы «Тоталь Е энд П дунга ГМБХ» компаниясының қауіпсіздік пен ТЖ бойынша үйлестірушісі Евгений Тутунарудың қойған сауалы.

Сұрақтың мазмұны: Мен АҚ штабының жұмысына, сондай-ақ азаматтық қорғау құрылымдарын құруға жауапты тұлғамын. АҚ құралымын құру жөніндегі басшының бұйрығын әзірлеу барысында мынандай проблемаға тап болдым. Компания қызметкері құтқару командасы командирінің қызметін атқарудан бас тартты. Қолданыстағы нормативті-құқықтық актілерде бұл норма айқындалмаған, яғни АҚ құралымын құру барысында қызметкер осы құралымға кіруден бас тарта алады ма әлде оған өз еркімен кіруі тиіс пе?

Жауапты АҚ РОӘО директорының орынбасары Еңсебаев Б.К. дайындады

Жауаптың мазмұны: Шынында да азаматтық қорғау мәселелерін реттейтін Қазақстан Республикасының заңнамасында ұйым қыз-



меткерлерін объектілік АҚ құралымына тартудың тәртібі анық айқындалмаған.

АҚ құралымының барлық қыры мен сырын айқындайтын басты заң актісі 2015 жылдың 23 сәуіріндегі №387 «Азаматтық қорғау құралымдарын құру, материалдық-техникалық қамтамасыз ету, даярлау және қатыстыру қағидасын бекіту туралы» ҚР ПМ бұйрығында (бұдан әрі - №387 бұйрық) қызметкерлерді объектілік АҚ құралымына кіргізудің нақты тәртібі мен жолы көрсетілмеген, мұндай заң нормасы жоқ.

«Азаматтық қорғау туралы» ҚР заңында ерікті түрде құрылатын АҚ құралымы туралы айтылған, ол – ерікті өрт сөндіру құралымы. Бұл құрылымдар қоғамдық бірлестіктер болып табылатыны белгілі. Олар дала өрттерінің алдын алу мен жоюға, сондай-ақ ауылдық округтардағы елді мекендер мен ұйымдардағы өртті сөндіру үшін құрылады.

«Азаматтық қорғау туралы» ҚР заңының 3 бабына сәйкес азаматтық қорғаудың негізгі міндеттеріне азаматтық қорғау күштерін құру, оларды даярлау және үнемі дайындықта ұстау кіреді. Азаматтық қорғау күштерінің төтенше жағдайдарға, азаматтық қорғанысқа және авариялық-құтқару және кезек күттірмейтін жұмыстарға жедел даяр болуы азаматтық қорғаудың негізі қағидаттарының бірі. Объектілік деңгейде азаматтық қорғадың мемлекеттік жүйесіне ұйым басшысы басшылық жасайды.

Аталған заң актілерінде АҚ құралымына бірінші, екінші, үшінші топтағы мүгедектер, екіқабат әйелдер мен сегіз жасқа дейінгі балалары бар әйелдерден басқа еңбекке қабілетті ерлер мен әйелдер тартылады деп көрсетілген. Соғыс уақытында жұмылдыру құжаттары бар әскерге шақыруға жарамды азаматтар да ерекше кезеңде АҚ құралымына тартылмайды.

№387 бұйрыққа сәйкес объектілік АҚ құралымының құрамы мен жарақтану нормасын бірінші басшы бекітеді, бұл ретте АҚ құралымының жұмыс істеу мүмкіндігі ескеріледі.

Құралымдардың ұйымдастырушылық құрылымы жергілікті жағдайларға, құрылымына және өндірістің ерекшелігіне, қызметтің түріне, жұмысшылардың санына, мүліктің болуына, техникаға, көлік құралдарына және соның базасында азаматтық қорғау құралымдары құрылған ұйымдардың қызметін анықтайтын басқа да факторларға байланысты нақтыланады.

Осылайша «Азаматтық қорғау туралы» ҚР заңы мен №387 бұйрыққа сәйкес ұйым басшысына АҚ құралымын құру міндеті жүктелген. АҚ құралымын құрмау азаматтық қорғаныс саласындағы өрескел әкімшілік құқық бұзушылық болып табылады, ол мемлекетіміздің қорғаныс қабілетінің төмендеуіне әкеліп соғады. Тिसінше ұйым басшысы азаматтық қорғаныс бастығы ретінде әкімшілік жазаға тартылады. Бұдан шығатын қортынды – бірінші басшы қолдан келгеннің барын жасау арқылы, тіпті мақтау мен жазалау тәсілдерін қолдану арқылы да, міндетті түрде бейбіт өмір мен соғыс уақытында авариялық-құтқару және кезек күттірмейтін жұмыстарды жүргізу арналған АҚ құралымын құруы керек.

№2 сұрақ: Нұр-Сұлтан қаласы «ҚТЖ-ЖТ» ЖШС Азаматтық қорғанысты ұйымдастыру және жүргізу бойынша мемеджері – Ботагөз Амангелдіқызы Сүлейменованың сұрағы.

Сұрақтың мазмұны: Мен теміржол саласының қызметкері жұмыс барысында әскери міндеттілерді бекітіп қою туралы сұрақтарымен кездесемін, сондықтан Сіздерден әскери міндеттілерді бекітіп қоюға қатысты келесі сұрақтарға жауап берулеріңізді сұраймын. Әскери міндеттілерді бекітіп қою деген не?. Кіммен және қалай әскери міндеттілерді бекітіп қоюды жүргізіледі?. Әскери міндеттілерді бекітіп қоюды жүргізбегені үшін қандай жауапкершілік қарастырылған?

**Осы сұраққа жауапты дайындаған АҚ РОӘО оқытушысы
Буранбаев М.Р.**



Сұрақтың жауабы: Қазақстан Республикасы «Жұмылдыру дайындығы және жұмылдыру туралы» Заңының 1 бабының 2 тармақшасына сәйкес әскери міндеттілерді бекітіп қою - бұл әскери міндеттілерді бекітіп қою – жұмылдыру, соғыс жағдайы кезеңінде және соғыс уақытында мемлекеттік органдар мен ұйымдардың іркіліссіз жұмысын қамтамасыз ету үшін оларға еңбек ресурстарын бекіту.

Сондай-ақ, жоғарыда көрсетілген Заңның 4 бабы 5 тармақшасына сәйкес әскери міндеттілерді бекітіп қою жұмылдыру дайындығы мен жұмылдыру жөніндегі шараларға кіреді.

Қазақстан Республикасы «Жұмылдыру дайындығы және жұмылдыру туралы» Заңының 8, 9 және 10 баптарына сәйкес орталық атқарушы органдармен және Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік органдармен, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың әкімдіктерімен және қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімдерімен, ұйымдардың басшыларымен өз құзыреттері шегінде әскери міндеттілерді бекітіп қою жөніндегі жұмыстарды ұйымдастырады және жүргізеді.

Қазақстан Республикасы «Жұмылдыру дайындығы және жұмылдыру туралы» Заңының айтылған, әскери міндеттілерді бекітіп қою жөніндегі республикалық комиссияны құру және әскери міндеттілерді бекітіп қою қағидасын бекіту Қазақстан Республикасы Үкіметінің құзыретіне кіреді деп.

Жоғарыда көрсетілген нормативтік құқықтық актінің 17 бабында әскери міндеттілерді мемлекеттік органдар мен ұйымдарға бекітіп қоюдың құқықтық негізі анықталған.

Әскери міндеттілерді мемлекеттік органдарда және ұйымдарда бекітіп қою Қазақстан Республикасы «Жұмылдыру дайындығы және жұмылдыру туралы» Заңының 18 бабының негізінде жүзеге асырылады. Қазақстан Республикасының аумағында әскери міндеттілерді бекітіп қою жөніндегі жұмысқа басшылықты және бекітіп қоюға жататын лауазымдар мен мандықтардың тізбесін республикалық комиссия жүзеге асырады деп көрсетілген.

Мемлекеттік органдарға, ұйымдарға бекітіп қойылған әскери міндеттілер өздеріне берілген кейінге қалдыру мерзімінің қолданыстағы уақытында жұмылдыру, соғыс жағдайы кезеңіндегі және соғыс уақытындағы шақырудан босатылады.

Әскери міндеттілерді бекітіп қою бойынша шаралар ұйымдастырған кезде мемлекеттік органдардың және ұйымдардың басшылары әскери міндеттілерді бекітіп қоюға жауапты тұлғаны дағайындайды, ұйымдардың ерекшеліктерін есепке ала отырып тиісті ұйымдастырушылық-әдістемелік нұсқаманы бекітеді және қамтамасыз ететін жергілікті әскери басқару органдарынан (облыстық маңыздағы қала) қатаң есептегі бланктерді алады.

Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық Кодексінің 643-1 бабының 1-тармағы 5 тармақшасына сәйкес әскери міндеттілерді бекітіп қоюды ұйымдастырмағаны үшін келесі жауапкершілік қарастырылған:

- ❖ ескерту және лауазымдық тұлғаларға 30 айлық есептік көрсеткіш;
- ❖ кәсіпкерліктің кіші субъектісі және коммерциялық емес ұйымдары үшін 40 айлық есептік көрсеткіш;
- ❖ кәсіпкерліктің орташа субъектісі үшін 50 айлық есептік көрсеткіш;
- ❖ кәсіпкерліктің үлкен субъектісі үшін 80 айлық есептік көрсеткіш айып пұл.

3 сұрақ: Бажанов Мақсұт Жұмашұлынан НСОС-тың төтенше жағдайларды жою жөніндегі жетекші маманы.

Сұрақтың мазмұны: Өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы объектінің кәсіби авариялық-құтқару қызметіне қойылатын біліктілік талаптары бар ма?

**Бұл сұраққа Республикалық орталығының оқытушысы
Кулумбетова Х.А. -
жауап берді**



2014 жылғы 11 сәуірдегі «Азаматтық қорғау туралы» Заңының 6-тарауының 25-бабының 3-тармақшасына сәйкес «Қауіпті өндірістік объектілерді пайдаланатын ұйымдардың басшылары өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы кәсіби объектінің авариялық-құтқару қызметтерін құруға құқылы». Сондай-ақ жоғарыда аталған заңнаманың негізінде 12-баптың 1-тармағының 70-16 тармақшасымен Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2015 жылғы 15 қаңтардағы No 21 бұйрығымен бекітілген; «Авариялық-құтқару қызметтері мен құрамаларына қойылатын біліктілік талаптары».

2. Осы талаптардың 2-тармағына қосымша авариялық-құтқару қызметтері мен қауіпті өндірістік объектілерге қызмет көрсететін бөлімшелерге мынадай біліктілік талаптары қосымша белгіленеді:

- 1) қажетті персоналмен және жабдықтармен жабдықталған шаң-газ талдау зертханасының болуы;
- 2) осы Талаптарға 1, 2 және 3-қосымшаларға сәйкес жабдықталған авариялық-құтқару қызметінің оқу-жаттығу полигонының және тау-кен, көмір, мұнай-газ кәсіпорындарына қызмет көрсететін құрамның, оқу-жаттығу шахтасының, термиялық төзімділік оқу-жаттығу кешенінің болуы;

*Біздің оқырмандарымыздың пікірлері!***ҒАРЫШТАН РОӨО - ға**

Редакциядан: ҚР ТЖМ Азаматтық қорғандық республикалық оқу-әдістемелік орталығында қазақ ғарышкері, Қазақстан Халық Батыры, ӘӘК генерал-майоры, «Қазақстан Ғарыш Сапары» акционерлік қоғамының басқарма төрағасы Айдын Ақанұлы Айымбетовтың оқығанын мақтанышымен айтамыз.

Қазақстан Республикасының үшінші ғарышкері, ғарышқа ұшқан әлемнің 545-ші ғарышкері «Союз ТМА-18М» ғарыш кемесімен 2015 жылдың 2-12 қыркүйегі аралығында бор-

тинженер ретінде өзінің тарихи ғарыш сапарын жасады.

Журнал оқушыларының назарына батыр тұлға- Айдын Ақанұлы Айымбетовтың азаматтық қорғаныс семинар-тренингі туралы ой-пікірін ұсыным отырмыз.

«Қазақстан Ғарыш Сапары» ұлттық компания басқарма төрағасы А.Айымбетов


Менің өмірлік және қызметтік тәжірибем қашан да оқу үрдісімен байланысты болып келеді. Сонау Армавир жоғары әскери-авиациялық ұшқыштар училищесінен бастап, Ю.А. Гагарин атындағы ғарышкерлерді даярлау орталығына дейінгі кезеңде оқып келемін. Ғарышкерлер қалашығында баға жетпес білім алдым, соның арқасында ғарышкерлер жасағына қабылданып, кейіннен ғарышқа өзімнің тарихи ұшуымды жүзеге асырдым. Бұл ретте маған ғарышқа жол ашқан өзімнің ұстаздарым мен тәлімгерлерімді ерекше ілтипатпен атап өткім келеді.



Азаматтық қорғау республикалық оқу-әдістемелік орталығы
www.tg-oku.kz

Енді міне ҚР ТЖМ Республикалық оқу-әдістемелік орталығында азаматтық қорғаныс бойынша қысқа оқу курсынан өтіп отырмын. Мұнда мемлекеттік органдар мен ұйымдардың басшылық құрамы мен мамандары даярлықтан өтеді.

Әскери ұшқыш болғандықтан соғыс уақытындағы қорғаныс тақырыбы таныс. Дегенмен де азаматтық қорғаныс бойынша осыншама көлемде ауқымды ақпаратты бұрын соңды алып көрмеген едім. Семинар-тренинг онлайн түрінде өткеніммен, сабақ барысында Орталық оқытушылары тыңдаушыларға азаматтық қорғаныс бойынша барынша көп мағлұмат бере білді. Жатық тілде және көрнекі түрде орталық оқытушылары азаматтық қорғаныстың мәні мен мазмұнын түсіндірді.



Орталықтағы оқытудың әдісі, оның ішінде әсіресе интерактивті түрі бес күннің ішінде оқу бағдарламасын меңгеруге, белгілі бір машықтарды үйренуге мүмкіндік берді.

«Қазақстан Ғарыш Сапары» акционерлік қоғамының қызметі азаматтық қорғаудың мемлекеттік жүйесімен байланысы бар. Баршаға мәлім біз түрлі бағыт бойынша ғарыштық мониторинг жасамыз. Сондай саланың бірі- дала және орман өрттері, қар көшкіні мен мұздың қалыңдығы туралы уақытылы хабар беру, олардың алдын алу болып табылады. Осы ғарыштық мониторингтің арқасында біздің елімізде талай дала өрттері ауыздықталды, яғни ел аумағы табиғи сипаттағы төтенше жағдайдан қорғалды.

«Қазақстан Ғарыш Сапары» ұлттық компаниясы мен Қазақстан Республикасы ТЖМ арасындағы өзара байланыс бұдан әрі де жалғасып, дами береді.

Көп жылғы ынтымақтастық жаңа салаға ауысты – азаматтық қорғау саласындағы даярлау мен оқыту саласына. Қорыта айтқанда РОӨО-ғы оқу менің көңілімнен шықты, жақсы әсер қалдырды.

Орталық басшылығы мен оқытушылар құрамына ғарыштық жетістік пен қарышты даму, баянды бақыт пен денсаулық тілеймін!

Азаматтық қорғау республикалық оқу-әдістемелік орталығы
www.tg-oku.kz

ОҚУ ҚҰРАЛЫ

**«БОЛУЫ МҮМКІН ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙЛАРДЫ
БОЛЖАМДАУ, МӘЛІМЕТТЕРДІ ЖИНАУ, ТАЛДАУ
ЖӘНЕ БЕРУ ТӘРТІБІ»**

Оқу құралы заңнамалық және нормативтік-құқықтық актілердің, азаматтық қорғау саласындағы басшы құрам мен лауазымды тұлғаларды оқыту бағдарламаларының, сондай-ақ азаматтық қорғау мәселелері бойынша жоспарлау құжаттарының нақты әзірленуінің тәжірибесі мен талдауының талаптары негізінде әзірленген.

Оқу құралында баяндалған материалдар азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті органның аумақтық бөлімшелерінің лауазымды адамдарының ведомстволық бағынысты аумақтарда табиғи және техногендік сипаттағы болжанатын төтенше жағдайларды жинау, өңдеу және беру кезінде іс жүзінде пайдалануына арналған.

Бұдан басқа, бұл құрал кезекші-диспетчерлік қызметтер үшін азаматтық қорғау мәселелері бойынша жоспарлау құжаттарын әзірлеу кезінде көмек көрсету жөніндегі әдістемелік құрал ретінде, сондай-ақ табиғи және техногендік сипаттағы болжанатын ықтимал төтенше жағдайлардың деректерін жинау, өңдеу және беру мәселелері бойынша ұйымдастырушылық жұмыстың сапасы мен тиімділігін талдау және бағалау, толықтығы үшін беріледі.

Кіріспе

Өзінің даму процесінде адам сыртқы әлеммен тығыз байланыста болды. Қазіргі уақытта адамзат жоғары индустриалды қоғамда өмір сүру кезінде туындайтын проблемаларды көбірек сезінеді. Адамның табиғатқа қауіпті араласуы күрт өсті, бұл араласудың көлемі де кеңейді, ол әр түрлі болды және бүгінгі күні адамзат үшін жаһандық қауіпке айналады.

Күн сайын біздің планетамыздың әртүрлі бұрыштарында «Төтенше жағдайлар» (ТЖ) пайда болады, бұл бұқаралық ақпарат құралдарындағы апаттар, табиғи апаттар, басқа да апаттар,




әскери қақтығыстар немесе терроризм туралы хабарламалар. Ірі авариялар, өнеркәсіптік объектілердегі және көліктегі апаттар, сондай-ақ дүлей және экологиялық зілзалалар үлкен қауіп төндіреді.

Нәтижесінде олар туындаған әлеуметтік-экологиялық салдарларды ауқымды әскери қақтығыстармен салыстыруға болады. Авариялар мен апаттардың ұлттық шекарасы жоқ, олар адамдардың қаза табуына алып келеді және өз кезегінде әлеуметтік саяси шиеленісті туғызады (*бұған мысал ретінде Жапониядағы Фокима АЭС - індегі авария, Қызылағаш трагедиясы, Арыс қаласындағы қойманың жарылуы, Алматы қаласының астындағы ұшақтың құлауы, Қазақстан Республикасындағы Сардоба бөгетінің бұзылуы нәтижесінде Мақтаарал ауданының су басуы және тағы басқалары*).

Жердің барлық континенттерінде Төтенше жағдайлар кезінде қоршаған ортаға қауіпті зардаптар әкелуі мүмкін, биологиялық организм ретінде жер бетінде адамның өмір сүруіне қауіп төндіретін радиоактивті, жарылғыш және химиялық қауіпті заттар қоры бар мыңдаған қауіпті объектілер пайдаланылады.

Дүлей зілзаланың, аварияның, табиғи немесе техногендік апаттың туындау фактісін мониторинг жүргізетін мекемелер, ықтимал қауіпті объектілердің кезекші диспетчерлік қызметтері, қауіпті факторларды байқау мен бақылаудың автоматтандырылған құралдары (жүйелері), халық арасынан шыққан сырттан бақыла-



ушылар анықтауы мүмкін. Төтенше жағдайдың пайда болуы туралы болжам болған кезде, төтенше жағдай көзінің пайда болуын

анықтау, әдетте, онсыз ертерек болады.

Байланыс құралдары арқылы туындаған немесе болжанатын оқиға туралы ақпарат Қазақстан Республикасының жергілікті атқарушы органдарына, ТЖМ аумақтық бөлімшелеріне келіп түседі, онда халықты хабардар ету және әртүрлі деңгейдегі төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою жөніндегі комиссияны жинау туралы шешім қабылданады.

I. Жағдайды қадағалау, бақылау және болжау жүйесі


Табиғи және техногендік сипаттағы болжанатын Төтенше жағдайлар туралы деректерді жинау, өңдеу және беру мәселелері Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде жан-жақты қаралады.

Осылайша, «Азаматтық қорғау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 4-бабында болжанатын Төтенше жағдайлар туралы деректерді жинау, өңдеу және беру тәртібі мәселелері бойынша жұмыс істеудің әртүрлі режимдерінде азаматтық қорғаудың мемлекеттік жүйесін басқару органдарының өткізілетін іс-шаралары туралы көрсетілген:

➤ **күнделікті қызмет режимі кезінде** - төтенше жағдайларды болжау, халықты, объектілер мен аумақтарды төтенше жағдайлардан қорғау туралы ақпарат жинау, өңдеу және алмасу;

➤ **жоғары дайындық режимі кезінде** - төтенше жағдайлардың туындауын және олардың салдарын болжау, сондай-ақ болжанатын Төтенше жағдайлар туралы деректерді жинау, өңдеу және беру;

➤ **төтенше жағдай** - туындаған төтенше жағдайлар мен олардың салдарларының дамуын болжау.



«Азаматтық қорғаудың мемлекеттік жүйесін ұйымдастыру және оның қызметі қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2015 жылғы 24 ақпандағы № 149 бұйрығына сәйкес болжанатын төтенше жағдайлар туралы деректерді жинауды, өңдеуді және беруді мынадай бақылау, жағдайды бақылау және болжау қызметтері жүзеге асырады:

- азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті органның кезекші-диспетчерлік қызметтері;
- орталық және жергілікті атқарушы органдардың кезекші қызметтері;
- ықтимал қауіпті объектілердің кезекші-диспетчерлік қызметтерінің құрамы;
- радиациялық және ядролық қауіпсіздікті мемлекеттік қадағалауды жүзеге асыратын органдардың;
- теңізде және ішкі су айдындарында мұнай операцияларын жүргізуді өнеркәсіптік қауіпсіздік саласында мемлекеттік бақылауды жүзеге асыратын органдардың жұмысы;
- көліктің қауіпсіз пайдаланылуын бақылауды жүзеге асыратын органдардың қызметкерлері;
- сәулет-құрылыс бақылауын жүзеге асыратын органдар;
- мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау органдарының;

➤ ветеринария, фитосанитария, жануарлар мен өсімдіктер карантині саласындағы мемлекеттік бақылауды жүзеге асыратын органдардың ұсыныстары;

➤ қоршаған орта және табиғи ресурстар мониторингі қызметінің, оның ішінде гидрометеорология және табиғи ортаның ластануы жөніндегі қызметі;

- қоршаған ортаны қорғау саласындағы мемлекеттік бақылауды жүзеге асыратын органдар;

- сейсмологиялық бақылау мен жер сілкінісін болжаудың республикалық жүйесінің қызметтері;

- сел, көшкін және қар көшкінін бақылау қызметтері;

- орман және дала өрттерін бақылау қызметтері.

«Азаматтық қорғау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 13-бабының 3-тармағына сәйкес жоғарыда көрсетілген жағдайды байқау, бақылау және төтенше жағдайларды болжау қызметтеріне басшылықты салалық кіші жүйе бойынша орталық атқарушы органдар өз құзыреті шегінде бағыныстылық тәртібімен жүзеге асырады.

ҚР ИМ 2015 жылғы 3 наурыздағы № 175 бұйрығының талаптарына сәйкес табиғи және техногендік сипаттағы ТЖ, оқиғалар мен жағдайлар туралы ақпаратты қалыптастыру және жүйелеу кезінде адамдардың өмірі мен денсаулығына, жануарлар мен өсімдіктерге қауіп төндіретін, қоршаған табиғи ортаға зиян келтіретін көрсеткіштер жиынтығы пайдаланылады.

Осылайша, табиғи сипаттағы **төтенше жағдайлардың** пайда болуын болжау табиғи процестер мен құбылыстардың апатты дамуын жеке-жеке болжауды қамтиды:

- геологиялық (*жер сілкіністері, жанартаулардың атқылауы, көшкіндер, опырылымдар, селдер және т. б.*);

- гидрометеорологиялық (*тайфундар, цунами, су тасқыны, су тасқыны*); *Климаттық (құрғақшылық, өрт)*;

- биологиялық (*індеттер, шегірткелер мен басқа да зиянкестердің шабуылы*), сондай-ақ олардың бірлескен әсері.

Техногендік ТЖ-ны болжау жабдықтың техникалық жай-күйін, оның тозу дәрежесін, сақтандырғыштармен, бұғаттағыштармен және басқа да қауіпсіздік құралдарымен қамтамасыз етілуін, персоналдың біліктілігін, еңбек тәртібінің жай-күйін, қоршаған ортаның әсерін бағалауға негізделеді. Ең алдымен қауіп көздері анықталады. Олар көбінесе энергия көздері, жабдықтың жұмыс істеу процестері мен шарттары болып табылады.

Төтенше жағдайларды болжау-төтенше жағдайлардың туындау ықтималдығы мен дамуының алдын-ала көрінісі, оның пайда болу себептерін, оның өткен және қазіргі кездегі көздерін талдау негізінде.

Табиғи апаттарды болжау күн белсенділігі құбылыстарының, ғарыштық (жердің жасанды спутниктерінің деректері), сейсмикалық, метеорологиялық, сел қауіптілігінің болжамы, гидрологиялық болжам және басқа да болжамдардың заңды циклдік есептік статистикалық деректерін қамтиды.

1. **Жер сілкінісін болжау** - белгілі бір уақытта белгілі бір жерде (немесе белгілі бір уақыт аралығында) белгілі бір мөлшерде жер сілкінісі болады деген болжам. Зерттеулерде сейсмологтардың айтарлықтай күш-жігеріне қарамастан, мұндай болжамды бір күнге немесе айға дейінгі дәлдікпен беру және алдын-ала шығындардың жалған дабылдардан экономикалық залалдан тұрақты асып кетуіне қол жеткізу мүмкін емес.

Жер сілкінісін болжау өте қиын, бірақ соған қарамастан ғалымдар бұл болжамдарды жасайды. Олардың дәлдігін арттыру үшін жер қыртысында кернеулердің, криптердің, ақаулық аудандарындағы деформациялардың жинақталу механизмдерін ұсыну қажет.



Әлемде жер сілкіністерін болжау туралы екіұшты пікірлер бар: оптимистіктен керісінше. Соған қарамастан, сейсмологтар күшті жер сілкіністерін болжаудың негізгі мүмкіндігіне сенімді. Бұл үшін елдің ғылыми-техникалық әлеуетінің жеткілікті жоғары деңгейі және бақыланатын аумақтағы сейсмологиялық бақылаулардың оңтайлы желісі болуы тиіс.

Қазіргі уақытта сейсмологиялық қызметтер Қазақстан Республикасының директивалық органдары үшін болжамның үш түрін құрайды:

☞ ұзақ мерзімді (2-10 жыл) – болашақ жер сілкінісінің ошақтарының қалыптасу аймақтарын бөлу;

☞ орта мерзімді (1-2 жыл) – ұзақ мерзімді болжам бойынша бөлінген аймақтардың сейсмикалық қауіптілік дәрежесінің болжамы;

☞ қысқа мерзімді (1-30 күн) – ұзақ мерзімді және орта мерзімді болжамдар бойынша бөлінген аймақтарда күтілетін сейсмикалық оқиғалардың болжамдары мен параметрлерін бағалау. Сонымен қатар, сейсмологиялық бақылау жүйесі:

- 60 бақылау пункті – оның ішінде 50 сейсмикалық станция;
- Қазақстан Республикасы Ұлттық ядролық орталығының сейсмикалық станциялар желісі.

Бұдан басқа, жер сілкіністерін болжау саласында мынадай ұйымдар бар: ҚР ТЖМ «Сейсмология институты» ЖШС, ҚР ТЖМ Сейсмологиялық тәжірибелік-әдістемелік экспедициясы, «Прогноз» ғылыми-өндірістік кешені. Сондай-ақ, ҚР ТЖМ жанындағы жер сілкінісін болжау жөніндегі ведомствоаралық комиссия және жер сілкінісін болжау және сейсмология жөніндегі сараптамалық кеңес бар

1. Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің «Сейсмология институты» ЖШС ғылыми-әдістемелік жұмыстармен айналысады. 1976 жылы құрылған, Қазақстан Республикасында сейсмикалық қауіпсіздікті қамтамасыз ету про-

блемалары бойынша іргелі және қолданбалы зерттеулер саласындағы бас ұйым болып табылады.

Оның функциясына Қазақстан аумағының, оның нақты облыстары мен ірі елді мекендерінің сейсмикалық қауіптілігін бағалау кіреді. Ол үшін әртүрлі детальдылықтағы сейсмикалық қауіптіліктің — жалпы сейсмикалық және егжей-тегжейлі аудандастырудың және сейсмикалық шағын аудандастырудың карталары жасалады. Соның ішінде жер сілкінісін болжау және мониторингпен айналысады. ҚР ТЖМ Сейсмологиялық тәжірибелік-әдістемелік экспедициясы сейсмологиялық станцияларға қызмет көрсетеді, олардан деректерді жинайды, оларды бастапқы өңдеуден кейін институтқа береді, онда ақпарат егжей-тегжейлі өңделеді және талданады.

Мысалы, қазіргі уақытта Қазақстан Республикасы ТЖМ «Сейсмология институты» ЖШС үш бағытта зерттеулер жүргізуде.

Біріншісі - сейсмикалық қауіпті бағалау. Мамандар жаңа әдістемелік негізде «Еврокод 8» негізінде Қазақстан аумағын жалпы сейсмикалық аймақтандыру карталарын әзірледі. Осы карталар негізінде сейсмикалық қауіпті аймақта құрылыс нормалары мен ережелері әзірленеді.

Екіншісі - үш кезеңнен тұратын күшті жер сілкіністерінің болжамы: ұзақ мерзімді (алдағы 10-15 жыл), орта мерзімді (12-24 ай) және қысқа мерзімді (тәулік, сағат).

Үшінші бағыт-ерте хабарлаудың автоматтандырылған жүйесін (АБЖ) әзірлеу. Ол жойқын сейсмикалық s-толқынның қалаға немесе объектіге ТЖ-дан бірнеше секунд бұрын жақындағаны туралы хабарлайды. АСРО жүйесінде станциялар желісі (шамамен 30 қондырғы) болады, олардың міндеті: Р-толқындарды анықтау, итеру шамасын анықтау үшін жазбаны өңдеу және S-толқынның жақындауы туралы сигнал беру.

АСРО жұмысы автоматты режимде жүзеге асырылады, жүйенің тербелісті тіркеуден хабарлама беруге дейінгі реакция уақы-

ты екі-үш секундты құрайды. Содан кейін дыбыстық сигнал беріледі, қалалық тіршілікті қамтамасыз ету жүйелері өшіріледі және т.б. Мұндай сигналды алған адам құтқару үшін одан әрі әрекет ету туралы шешім қабылдауға бірнеше секунд уақыт алады.

Қазақстандық білім мен ғылымның жаһандық бәсекеге қабілеттілігін арттыру жөніндегі 2020-2025 жылдарға арналған кешенді бағдарламаға сәйкес Институт 3 ғылыми-техникалық бағдарлама әзірледі. Олардың қатарында 2020-2025 жылдарға арналған қазіргі заманғы ғылыми-әдістемелік негізде Қазақстанның облыстары



мен қалалары аумақтарының сейсмикалық қауіптілігін бағалау бар. Оның шеңберінде құрылыс, жобалау және күрделі құрылыс саласында негізделген саясат жүргізу үшін облыстық ауқымдағы 10 өңір мен 30 мыңнан астам халқы бар ірі қалалар үшін сейсмикалық аудандастыру

карталарының жинақтары әзірленетін болады. Қазіргі уақытта бұл бағдарлама мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптамадан өтуде.

2. «Прогноз» ҒӨК сейсмологиялық станциялардың жеке шағын желісі бар. Олар өз материалдарымен Сейсмология институты жанындағы болжау комиссиясының жұмысына қатысады. «Прогноз» ҒӨК болжамды деректерді құрастыруда көмекші рөл атқарады.

3. ҚР ТЖМ жанындағы жер сілкінісін болжау жөніндегі ведомствоаралық комиссия-оған ҚР ТЖМ және сейсмология институтының өкілдері, сондай-ақ «Прогноз» ҒӨК, «Алматыгидрогеология» және Ұлттық ядролық орталықтың геофизикалық зерттеулер институтының бір өкілі кіреді. «Сейсмология институты» ЕМК бірінші басшысы комиссия төрағасы болып табылады. Жыл басында-комиссия мүшелері-бір жылға жасалатын орта мерзімді болжамды талқылайды, деректерді талқылайды, үкім шығарады

— биыл жер сілкінісі қайда және қандай күш болады немесе болмайды. Комиссия шешімдері ұсынымдық сипатта болады және тиісті шаралар қабылдау үшін ҚР ТЖМ жіберіледі.

4. ҚР ТЖМ жанындағы сейсмология және жер сілкіністерін болжау жөніндегі сараптамалық кеңес техногендік және табиғи апаттардың қауіпсіздігі бойынша шаралар қабылдау саласында барлық билікке және барлық өкілеттіктерге ие. Азаматтық қорғау саласындағы орталық уәкілетті органның бірінші басшысы сараптама кеңесінің төрағасы болып табылады.

Сонымен қатар, республикада сейсмоқондырғыны Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Сейсмологиялық тәжірибелік - әдістемелік экспедициясы» ЖШС, Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің «Геофизикалық зерттеулер институты» РМК және Қазақ ұлттық университеті үнемі қадағалап отырады. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ.

Ұлттық бақылау сейсмологиялық желісінің функциясын «СОМЭ» ЖШС орындайды, ол Қазақстан Республикасының сейсмикалық қауіпті аумағында үздіксіз сейсмологиялық мониторинг жүргізеді, сейсмологиялық деректерді үздіксіз жинауды, өңдеуді, талдауды және түсіндіруді қамтамасыз етеді. Апта сайын (бейсенбі күндері) отырыстар өткізіледі және келесі аптаға болжам нәтижелері ҚР Төтенше жағдайлар министрлігінің дағдарыс жағдайларында басқару орталығына, ҚР Білім және ғылым министрлігінің Ғылым комитетіне, Алматы қаласының және Алматы облысының әкімдіктеріне ұсынылады.

«Сейсмология институты» ЖШС - мен, «СОМЭ» ЖШС-мен, ГЗИ РМК-мен жер сілкіністерінің қаупі мен туындауы туралы жедел және болжамды ақпаратпен алмасу тәртібі-ішкі істер (2016 жылғы 25 тамыздағы № 855), Білім және ғылым (2016 жылғы 9 қыркүйектегі № 555) және энергетика (2016 жылғы 15 қыркүйектегі № 418) «Жер сілкіністерінің қаупі мен туындауы кезінде өзара ақпарат алмасу жөніндегі» бірлескен бұйрығымен реттеледі.

2. Метеорологиялық төтенше жағдайлар-бұл әртүрлі табиғи


факторлардың немесе олардың үйлесімдерінің әсерінен атмосферада пайда болатын, адамдарға, ауылшаруашылық жануарлары мен өсімдіктеріне, экономика объектілері мен қоршаған ортаға зиянды әсер ететін немесе әсер етуі мүмкін қауіпті табиғи процестер мен құбылыстар.

